

84 (2 Kaz)
M 83

Әмірбек МҰҚАНҰЛЫ




Әмірбек МҰҚАНҰЛЫ

**ФАСЫРҒА
БАҒАЛАНҒАН –
15 ЖЫЛ**

Жезқазған, 2005 жыл

84 (2 ғаз)
M 83

Өмірбек Мұқанұлы.
Фасырга бағаланған — 15 жыл
«Полиграфия Ер Мұра» ЖШС-нің
баспаханасы, 2005 ж. — 107 бет.



© МҰҚАНҰЛЫ. 2005.

КІРІСПЕ

Мысты өлкенің оқырман қауымына қаламгер Θ. Мұқановтың тағы бір туындысын ұсынғалы отырмыз. Ол «Ғасырға бағаланған — 15 жыл», немесе «Қазақ Ломоносовы» аталған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Қарсақбайдың қын да қызықты өмірі жөнінде. Басылым Қарсақбайды 1926 жылдан келгеннен бастап 1941 жылы академияның филиалының президенті жұмысына баратын сапарына дейін қамтылған. Осы уақыттың ішінде жас инженер геолог ысылып, өсіп, өлкеге ғана танымал болып қоймай, бүкіл Одаққа жүлдyz болып жарқырады. Ағылшындардың жүртүндегі қалған зауытты іске қосуға көмектесті, 15 жыл ішінде бүкіл Сарыарқаның кен байлығын зерттеп ашып ол байлықтарды халық иглігіне жұмсауға пайдалануға мүмкіншілік жасады.

Басылымда Қанекеңнің басынан кешкен қындықтар мен қыспақтар әңгіме болады. Оның бәрін геолог жеңе біледі, тек қағаз бетінде ғана емес еселі еңбегімен ел байлығының өте зор екенін зертханада, түсті металдар бас басқармасында, Наркомда дәлелдеді. Θзін Одақ Фылым Академиясының сессиясында бүкіл ғалымдардың алдында толық мойындағы танытады. Талай рет үкімет басшыларының қабылдауында болып Үлкен Жезқазған проблемасын шешті. Бұғінгі мысты өлкенің болашағын біржола сол уақытта Қанекең

ашты. Бүтінгі Жезқазған аймағының салтанатты өмірі Қанекеңмен тығыз байланысты. Ұлытау-Жезқазған аймағының атын Бүкіл Дүниежүзіне танытса, сол арқылы Қаныш аты да биіктен көрініп, Қарсақбай киелі топырағы оны жұлдыздай жарқыратып, дана да дара ғалым етті.

Қарсақбайдың тәрбиеленген Қаныш Академикке дейін көтерілді, Ғылым Академиясының президенті болды. Оған қоса Қарсақбайдың балалары туып, кіндік қаны тамып, мектебінде білім алғып, үлкен-үлкен олар да ғалым болды. Қанекең тек геологияға емес ғылымның барлық бірдей саласын дамытты. Оны автор жанжақты талдап оқырмандарына жеткізеді.

Менімше, Мұқанов ұсынып отырған басылым ете құнды туынды, оны Сәтбаев тану саласында оқулық ретінде де пайдалануға болады. Тағы бір айта кететін жағдай, Қанекеңнің Қарсақбайдың өмірі бұрын-соңды кітап болып басылмаған, тек үзілді-кесілді қысқа мақалаларға болатын. Кітапқа сәт сапар тілей отырып оның оқырмандарына тигізер пайдасы сөзсіз дегім келеді.

**Албаз Бәймендеұлы Қаражігітов,
жазушы.**

Жезқазған 2004 жыл.

АВТОРДАН

«Қазақтың Қанышы» аталған дана да дарағалымның Томскінің технологиялық институтын бітіргеннен соң еңбек жолын өзінің таңдауымен Қарсақбай-Ұлытау өнірінен бастайды. Бұл 15 жыл өзінің сапасы мен нәтижесі жағынан ғасырға тең уақыт болды. Өзінің 65 жыл өміріндегі Қарсақбайда өткен жылдары ең ауыр, ең қызы мезгіл еді. Эрбір жылда Қанекең өмірінің тар жолынан қинальш өтіп, тайғақ кешуінен сүрінбеді, әр уақытта жанында жанашыр сүйемелдеушісі Таися Алексеевна табылатын болды, оған қоса ақылшысы, әрі сүйген жары бола алды. Қарсақбайдың Қанекең үшін тағы бір құндылығы — Ханисасы орта мектепті тәмамдаған институтқа түсүі, Мейізі мен Шәмшия-Бануының кіндік қаны Қарсақбайда тамды. Балауса балалық, шағын осы жерде өткізді, мектептің табалдырығын аттап сауатын ашты.

Ал осы жылдардың ішінде Қанекең «Ұлкен Жезқазған» тағдырын біржола шешті, үкімет қаулысын қабылдайтын жағдайға жеткізіп, ол қаулыға қол қойдырыды. Жезқазғанның болашағын болжамдады.

Жезқазған, Қарсақбайдың гидрогеологиялық мәселелерін түбекейлі шешіп плотиналарды салуға атсалысты.

Еш жерлермен байланысы жоқ мысты өлкені Қарағанды-Балхашпен т. б. өндіріс орындарымен Жарық-Жезқазған теміржолы арқылы байланыстыруды.

Қанекең жаңа ғана оқу бітірген жас инженер-геологтан үлкен қофам қайраткеріне, ғалымға, сыншыға, тарихшыға, археологқа айналды, оның аты Қазақстаннан шығып «Правда» газеті бетінен бүкіл елге танымал бола алды. Мәскеу оны жаңашыл ғалым,

қоғам қайраткері, өндіріс командирі ретінде тани бастады. Кремльде болып үкімет басшыларының қабылдауында Сталиннің, Калининнің, Орджоникидзенің, Кагановичтің қабылдауынан Жезқазған проблемаларын қын да болса шеше алды. Үкіметтің Жоғарғы наградаларын да осы Қарсақбайда жүріп ие болды. Фылыми еңбектерінің 46-сы осы Қарсақбайда жазылған екен. Қарсақбай инженері қазақтың тау-кен институтының мемлекеттік комиссиясының төрағасы, институт директоры болуы да тегін жағдай емес. Сонымен Қанекені Қарсақбай жан-жақты танытты, қанатын қатайтты, «Қарсақбай геологиялық академиясы» Қанышты үлкен ғылым сапарына дайындағы. «Қарсақбай мен Қаныш» деген ұғым бірімен-бірі тығыз байланысты, бірі мысты өңірді әлемге танытса, ғылымның биік шыңына ұшырып, Алатау бектеріне Қанышты қондырган Қарсақбайдың киелі топырағымен Жезқазған жері, Ұлытау әулеті.

Менің осы үлкен тақырыпқа кірісуімнің өзіндік мәні бар. Біріншіден, ұлы ғалымды көріп батасын алдым. Екіншіден Қанекенің өмір жолымен 10-15 жылдай шұғылданып көптеген деректі материалдар да жарияладым. Бірақ, ұлы ғалымның Қарсақбайдың 15 жылы жинақталып кітап болып басылмаған, ол жөніндегі мақалалар да жоқтың қасы. Біз көтеріп отырган өмірдеректі Қанекене арналған материал ғалым жөніндегі деректерді толықтыра түсепі сөзсіз. Мұнан бұрын-соңды жарық, көрмеген тақырыптарда қозғалған.

«Фасырға бағаланған — 15 жыл» деген кітапша «Қазақ Ломоносовы» деп аталған Қанекенің өмір жолын толықтырып оқырмандарға тигізер пайдасы да аз болмас деген оймен ұсынып отырмыз.

Автор.

2004 ж. Жезқазған қаласы.

ҚАНЕКЕҢНЕҢ БАТА АЛҒАНДА...

Мен Қанекенді алғаш 1934-35 жылдарда мал бағып жүргенде, қозы лақты қызықтап соңынан еріп жүріп бақташы ретінде көрдім. Оның Қаныш екенін қайdan білейін, сол біздің Айыртаудың батыс жақ беткейінде орналасқан ауылдың маңайында ақ шатыр тіккен біреулер дырылдатып жер тесіп бізге беймәлім жұмыстарды істеп жататын. Қызықтап жанына таянып та қоямыз. Анда-санда оларға жүк машинасымен ақ костюмді, гелефе шалбары бар, басында шляпа киген, сұлуша орта жастағы бір қазақ жігіті келіп жұмыскерлермен сөйлесіп жүреді, олар оны үйшіп тыңдайды. Бізге оның сөзі емес, өзін, мінген машинасын, жүріс тұрысын тамашалаймыз. Біртегірте бізде оларға денемізді үйретіп алыш, шатырларының маңына жақындаپ келіп, ішіне де кіретін жағдайға жеттік. Басқаларынан гөрі ана жігіт, шамасы бастығы болуы керек, бізді өзіне үйіріп алды: уыстап кәмпіт, пешение да береді. Бізге керегінің өзі де сол. Бірер сапарында ол кісі ауылға да соғыш, ауыл үлкендерімен сөйлесіп, әңгімелесіп, ас жеп, сусын ішетін жағдайға да келді. Бірде Әбіш ағаның киіз үйінің іргесінде ілулі тұрган домбырасын алыш ән айтқаны да есімде қалыпты. Өздері басқа жерге қоныс аударғанда сол жерге үш аяқ темірден белгі қойып кетеді. Сол геологтардың белгілері Айыртаудың маңайында осы күнгे дейін тұр. Кейін Қарсақбайға оқуға келгенде сол біздің ауылға келіп жүрген кісіні тағы көрдім. Ол Қаныш Имантайұлы болып шықты. Қанекенің Айыртау (менің туып балалық шағым өткен жер) жөнінде төмендегідей жазғаны бар екен: «Қарсақбайдың оңтүстігі шөл дала мен шексіз құм, ал терістігі шалқар жайылымдар, сұы мол, егістік еgetін-ақ жерлер. Ал Айыртау жотасы болса жусанды даладан бетегелі шөпке ауысып, «таза» дала осы

жерден басталады. Айыртау — екіге жарылған айыр өркеш тау. Бұл атының өзі қазақтардың аңғарымпаз қабілеттігін білдіреді» — деп жазды Қанекең менің кіндік қаным тамған аймақ туралы.

Фалым табиғатты жаныңдағы сүйген жан, ол тек геолог қана емес, ол географ, этнограф, тарихшы ретінде де танылады. Ұлытаудың етегінде тұрып таңданып, тамашалап:

— Айыртаудың теріскей жағының топырағы тіктен өзгеше, одан Атбасарға дейін күлгін топырақ, Айыртау Ұлытауға иық, тіреп тұр.

Ұлытау маңқыйған кейіпмен біргосын шоқтанып көрінетін паң биіктірімен мені таң қалдырады. Оның қатпарлы кәрі тұрпаты тым көне тозған тау екенін танытты.

Бір'көргеннің өзінде Ұлытау өзінің ұлылығын еріксіз мойындартаңдай! — деген екен естеліктерінің бірінде.

Сол Қанекеңді тамсандырып таңдандырған Айыртаудың түлегі мен боламын, осыдан 70 жыл бұрын Қанекеңді осы жерден көріп тамашаладым.

1937 жылы Қарсақбайға барып оқуға түскенімде ақ шатырдан көрген адамымды комбинат конторынан жиі-жиі көретін болдым. Бірақ, ол кісінің ұлылығын кейін есейе келе таныдым. Біздің оқитын мектебіміз аралас оқу орны болатын Қазақ-орыс балалары сол мектепте оқыдық. «Мына қыздар Сәтбаевтың балалары» — деп тамашалайтын, ал Ханисаны мерекелерде трибунадан көретінбіз. Аламыз 1939 жылы орыс мектебін бітіріп оқуға Алматыға жүріп кетті, ал Мейіз менен бір кластай кейін оқыды.

Қанекеңмен келесі кездесуім 1948 жылы болатын, ССРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде сайлаушылармен кездесу болды. Мен оныншы кластың оқушысымын, жас сайлаушы ретінде маған да құттықтау сөзі берілді. Сөз мәнді болды білем клубтан шығып бара жатқан Қаныш аға:

— Бақытты бол қарагым, сөзің тыңдаушылардың ойынан шықты, — деп маңдайымнан сипады.

1961 жылы Республиканың Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы Жезқазғанда өтіп, оған 600-ден аса адам қатысип, мысты өнірдің материалды-техникалық, базасын дамыту проблемасына арнады. Бүкіл Одақтың көрнекті ғалымдары, облыстың басшылары қатысты. Бір жеті өткен сессияның жұмысы секциямен жалғасып, деңсаулық саласының жұмысын профессор А. П. Полосухин басқарды. Секция жұмысына Қанекең де келіп, медицина мәселесіне де көңіл бөлді. Мен «тау-кен комбинатының травматизмі, оның профилактикалық шаралары» — деген тақырыпта баяндама жасадым. Көптеген осыған байланысты проблемаларды да көтердім. Осы сессияда медицинаның мәселелері де шешіліп қалды: медколледж, Жезқазған перзентханасы да осы сессияның қорытындысымен дүниеге келген.

1963 жыл, қыркүйек айының іші. Кезекті түнгі жұмысқа кіріскең күнімнің бірі. Таң білінер-білінбесте қабылдау бөлмесіне орта жастағы бір қазақ, әйелі келіп көмек алмақшы болды. Усті басының бәрі Қан-қан, өзі шаршап-шалдыққан, ашыққан, әзер сөйлеп, сұраққа жауап қатып отыр. Жезқазғанға жаяулап-жалпылап жетсе керек, жанында үш жігіт бар. Біреуі орыс, екеуі қазақ.

Мәселенің мән-жайы:

Патшайым Алматыдан Қызылордага қарай төртеуі жеңіл машинамен шығып, Қ. И. Сәтбаевтың тапсырмасымен мұнай көздерін Қызылорда маңайынан зерттеп-бақылауға жіберіледі. Жанындағы екі жігіт геология институтының аспиранттары, жүргізушилері өскерден жаңа ғана оралған жас жігіт, тәжірибесі шамалылау болу керек. Мәшинелері құмның арасында аударылып, алдында отырған әйел көптеген жарақаттар алады, басын жарады, есінен

танып талықсиды. Есін жиғаннан кейін мәшинелерін сол жерге таставп, кездескен жүк мәшинелеріне мініп Жезқазғанға бірақ жетеді. Осы арада екі-үш күн өткен. Ашыққан, шөлдеген, шаршап-шалдығып бір жағынан үйқы да қысып барады. Дәрігерлік көмек жөнінде оның ешқандай да түрі болмағаны көрініп-ақ тұр. Осы жағдайды ескере отырып жедел-хирургиялық шараларға кірісіп-ақ кеттім. Жаралары тігіліп, тазаланып жатыр, қан тоқтатылуда. Әңгімелесіп сөйлесуге, мән-жәй білуге де шама жок. Бірер сағаттан соң операция да сәтті аяқталып қалғандай. Енді ауру тарихын толтырар сәтте келіп қалды. «Фамилияныз кім?» — деген сұраққа, қосарланып:

— Тәжібаева Патшайым, — деп жауап берді. Мен осы сөзден кейін серігіп бірден үйқымды біржола ашқандай болдым.

Бұл есім маған жақсы таныс болатын. Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш инженер геолог, геология-минерология ғылымының докторы, Сәтбаевтың шәкірті. Жол сапарға шығарып жүрген де академиктің өзі.

Операция үстінде ауру біраз тыныштың тыныс алғандай болды. Енді ғана әңгімеге кірісе бастады.

— Інішек, егер жағдайларың келсе менің жанымдағы жігіттерге сусын, ас берсеңіздер дұрыс болар еді. 2-3 күн шамасында олар аузына нәр салған жоқ, — дегені бар.

Медбібім Фрида Густавовна екеуміз апайдың айтқанын орындаپ оларды да демалдыруға орналастырдық. Ауру апамыз да ұзақ үйқыға кірісіп-ақ кетіпті. Дәрігер бөлмесінде жасалған операцияны жазып отырған кез. Таңда білініп терезеден таң сәулесі түсे бастады.

Телефонның ұзақ қоңырауы сыйдыр ете қалды. Ар жағынан телефонистка:

— Кезекші дәрігер ме? Алматыға жауап беріңіз,
— дегенде мен аң-таң.

— Сізбен қазір Қ. И. Сәтбаев сөйлеседі, — дегенде, есімді жаңағанда жинағандай өзімді өзім қолға алып.

— Тыңдал түрмүн Сізді, — деген сөз сасқаннан аузынан өзөр шықты.

— Қарағым! (өте майда да жұмсақ шыққан сөзімен), Сіздерге біздің институттың Тәжібаева деген ғалымы емделуге келіп түсті деп естідім, халі қандай екен, операция жасалдыма, бізден қандай көмек керек? — деп сұрақты бірінің үстіне бірін жаудырып жатыр.

Шынында өзім абыржып сасыңқырап та қалдым. Азырақ паузадан кейін:

— Апай, келіп түскелі бірер сағат болды, қажет деген ем-көмек көрсетіліп жатыр, операция да жасалды, — деп болған жағдайдың бәрін бірдей баяндадым. Қанекең:

— Самолет жіберіп, Алматыға алдырсам қалай болар екен? — деп тағы бір сұрақ қойды.

— Менімше бірер күн осында бола түрғаны дұрыс болар, бізде де жағдай бар ғой, әлде де байқайық, емдейік, — дедім жарақаттың мый жағынан да зақымдалғаны есіме түсіп.

— Рахмет қарағым, емдерің шипалы болсын. Менен Патшайымға сәлем айтарсың — деп, телефон трубкасын қоштасқаннан кейін қоя салды. Өзіме өзім кейін ғана келдім. Апайға академиктің сәлемін айттыйм. Бірер сағаттан кейін ауруханаға комбинат директоры В. В. Гурба, Қанекеңнің шәкірті В. И. Штифановтар келіп Патшайымның жағдайын біліп, амандығын сұрап кетті. 5-б күн емдең Патшайым апайды астанаға шығарып салдым. Бір айдан соң Алматыға демалуға барғанда менің келгенімді естіп апай үйіне қонаққа да шақырды.

Қанағаңмен сырттай телефонмен дидарласып, батасын алғаным осы сәтте болып еді.

Қанекеңнің өз қолымен жазған өмірбаяны мен райком берген мінездемесін сол қалпында келтіруді жөн көрдік.

АВТОБИОГРАФИЯ

(Инженер-геолог Сатпаев К. И.)

Родился в 1899 году, в семье середняка-казаха, в ауле № 4, Аккелинской волости, Павлодарского уезда, Семипалатинской губернии. Родители мои при 5-ти членах семьи имели 20 голов крупного скота и не более 100 голов мелкого скота (овец и коз).

Первоначальное образование получил в 1909-11 гг. в Аккелинской аульной школе.

1911-1914 гг. — учился в 2-х классном училище в г. Павлодаре, по окончании которого учился в Учительской семинарии в г. Семипалатинске.

По окончании семинарии в 1918 году полтора года учительствовал в 2-х годичных педагогических курсах в Семипалатинске, одновременно подготавливаясь на дому на экзамен за курс полной средней школы для поступления в ВУЗ.

Осенью 1919 года заболел туберкулезом легких и уехал на родину в аул № 4, Аккелинской волости, Павлодарского уезда, Семипалатинской губернии, где лечился и одновременно учительствовал в местной аульной школе.

В марте 1920 года был вызван Павлодарским Уревкомом и назначен Председателем Нарсуда 10-го участка Павлодарского уезда. Прослужив Народным Судьей полтора года, в сентябре 1921 года был направлен Семипалатинским Губ ОНО, согласно личному заявлению, для завершения образования в Сибирский Технологический Институт в г. Томске, на горный факультет, куда и был принят в том же году.

Курс горного факультета окончил с защитой дипломного проекта в мае 1926 года (удостоверение № 421/горн. От 22/V-1926 года).

По окончании института, три месяца отдыхал на Родине, а затем явился в распоряжение Казахского ЦСНХ, которым был направлен в г. Москву для участия в работе Правления Атбасарского Треста Цветных Металлов ВСНХ СССР, в качестве представителя КазЦСНХ. В составе Правления этого треста работал до февраля 1929 года, где руководил геологоразведочными работами треста на Джезказгане, Успенском руднике и др. месторождениях, принадлежащих этому тресту в Казахстане.

В феврале 1929 года Коллегиальное Правление Треста было заменено единоличным Управлением, в место пребывания Треста было перенесено в Карсакпайский комбинат. Я был назначен С-1929 года Начальником Геолого-Разведочного Отдела треста, позднее переименованного в Карсакпайский комбинат, на какой должности работаю до сих пор.

О производственных и научно-технических своих достижениях судить не мне. Оценка их, равно как и оценка политического моего лица, видна из следующих данных:

а) в 1934 году получил почетную грамоту от ЦК профсоюза цветников;

б) в 1935 году, во время 15-ти летнего юбилея Казахстана, в письме трудящихся Казахстана на имя вождя народов, тов. Сталина, напечатанном в номере «Правды» от 23.10.1935 года, упомянуто и о моей работе по разведке медных богатств Джезказгана;

в) в том же году награжден Казахским ЦИКом юбилейным значком 15-летия Казахстана (удостоверение № 4233);

г) в ноябре 1936 года на I-м Чрезвычайном Съезде Советов Карагандинской области был выбран

делегатом на 10-й Казахстанский Съезд Советов, утверждавший Новую Конституцию Союзного Казахстана, составленную на основе Великой Сталинской Конституции Союза;

д) начиная с 1937 года и по настоящее время, по рекомендации ЦК КП (б) Казахстана и утверждению комитета по делам Высшей школы при СНК СССР, состою председателем государственной экзаменационной комиссии (ГЭК) Алма-Атинского горно-металлургического института.

Имею ряд научных и литературных работ по вопросам геологии и полезных ископаемых Казахстана, перечень которых прилагается.

Подпись
(САТПАЕВ К.И.)
пос. Карсакпай, 29/VII-1939 г.

ХАРАКТЕРИСТИКА на Сатпаева Каныша Имантаевича, 1940 г.

Начальник Джезказганской геолого-разведочной конторы тов. К.И. Сатпаев работает в Карсакпайском комбинате с 1926 года и непосредственно руководит геолого-разведочными работами в Джезказгане и в районе с 1929 года — со дня организации в Джезказгане самостоятельной геолого-разведочной службы.

Высокая квалификация инженера-геолога, сочетаемая с исключительной настойчивостью и большевистской целеустремленностью тов. К.И. Сатпаева, позволила геолого-разведочной службе выявить в недрах Джезказгана миллионные запасы хорошо разведенной меди и превратить почти неизвестные Джезказганские месторождения в первую меднорудную базу Советского Союза. В результате комплексного ведения геолого-разведочных работ действующий Карсакпайский комбинат и строящийся Большой Джезказганский комбинат ныне обеспечены не только основным видом сырья — медной рудой, но и местным топливом в лице мощного Кияктинского буроугольного месторождения, насчитывающего более 83 млн. тонн угля, значение которого выходит сейчас за пределы района, а также флюсами, оgneупорами и стройматериалами.

Не менее крупной проблемой является строительство в Джезказганском районе комбината черной металлургии на базе железо-рудных месторождений Карсакпайской и Джездинской групп, крупное промышленное значение которых выявлено

в годы Сталинских пятилеток, благодаря организации тов. К.И. Сатпаевым комплексного изучения богатств района.

Помимо этих месторождений тов. К.И. Сатпаевым разведен целый ряд других месторождений полезных ископаемых в районе, как-то: золото, свинец, серный колчедан, лигнит, фосфорит и редкие металлы, многие из которых представляют значительный промышленный интерес.

Тов. К.И. Сатпаев также является активным общественным деятелем. Он выбран депутатом Карсакпайского районного Совета депутатов трудящихся. Как хороший знаток природных и экономических условий района, он принимает активное участие по всем вопросам промышленного и сельскохозяйственного строительства района.

Как хороший организатор производства, высококвалифицированный инженер, активный общественный деятель, тов. К.И. Сатпаев может быть смело выдвинут на более ответственную работу.

Секретарь первичной партийной организации Джезказганской РК.

Подпись (Джангабулов)
З/У — 1940 г.

Утверждена заседанием бюро
Карсакпайского РК КП (б)
Казахстана от 4/V — 1940 г.
протокол № —

**Секретарь РК КП (б) К
подпись (Байтасов)**

АЛҒЫСӨЗ РЕТИНДЕ

14 мамыр 1926 жыл. Томскінің технологиялық институтында Қаныш Сәтбаев Мемлекеттік комиссияның алдында өзінің инженерлік дипломын алғашқылардың бірі болып нәтижелі қорғап, тау-кен инженері деген қазақ жастарының арасынан алғашқысы болып, мамандық алды. Семейдің «Қызыл дала» деген газеті: «Осыған дейін қазақ жастарының ішінде бірде-бір инженері болмаса Қазақстан ауыр өнеркәсібі өзінің тұңғыш инженерін алатын болды. Ол Қаныш Сәтбаев. Оның болашағы зор болмақ» — деп, газет қуанышын білдіріп, болашаққа болжам жасап, газеттің бірінші бетіне жас инженердің суретін басады. Комиссия мүшелері: — Сіз жұмысқа қайда баратын ойыңыз бар? — деп сұрағанда көп ойланbastan.

— Еліме, Қазақстанға, Қарсақбай-Ұлытау аймағының кенін игеруге, — деп болашақ жұмыс орнын таңдай алды. Қанекең қателеспеді, бұл құтты да Сәтбаевқа сәтті болған орын 15 жылға жалғасты.

Осы қуанышты құндердің ішінде Қаныштың ойынан кетпей, мазасын алып, кейде үйқысын да бөліп жүрген бір мәселе көз алдынан көлбендең кетпей қойды.

Қаныш оқуға кеткенде, әкесі Имантайдың қолында Шәрипа атты некесін қиған зайыбы мен Ханиса атты қызы қалған болатын. Оқып жүргенде жастық махаббаттың жалыны шалып, осы институтта өзінен бірер курс жоғары оқып жүрген Таися Кошкина деген қызға көнілі кетіп мазалана түседі. Белін бекім буып сәрсенбінің сәтіне қызға сөз салады. Таися да «кет әрі» болмаса керек. Қаныштың ұсынысын қабылдап, олар сол Томскіде ерлі-зайыпты болып танылады. Қанышқа жұмысқа жүретін кезде болды, екеуі ақылдасып, Қаныш барып жұмысына орналасып, үй-

таңдамай бірінші кездескен жүк тиеген арбаның алдына рұқсат сұрап мінеді. Қөлік иесі Қарсақбай Совдептің, Ревкомның мүшесі, замандастарының арасында дала дауылпазы аталған Шенеу Дарабаев деген кісі болып шықты. Жас шамасы қырықты алқымдап қалған, сақал-мұрты да жасына жас қосқандай ұлғайтып тұр, оның үстіне жүзінде шаршағандықтың да белгісі білінеді. Қаныштың жолы болады екен, кіреші ағасы өте әңгімелешіл, тілі жатық, алғашқы танысқаннан бастап баулап, өзіне тартып алды. Әңгімелері құлаққа жағымды. Өзінің бір естеліктерінде Қаныш Имантайұлы: «Мені осы Ұлытау — Жезқазған өлкесінің тарихына сусындаған Шенеу ақсақал болатын» деп жазған. Шенеу аға осы сапарын бірде аңыз етіп маған айтқаны бүгінгідей әлі есімде.

Шекең әңгімесінен үзінді.

«Енді ғана жүгімді арбаға тиеп алып жүргелі тұрғанымда маған тац-таза киінген, үстінде қара костюм, мойнына галстук таққан аққұба, сыпайы, сұлуша, бұйра шаш жігіт келіп, ұялып, қысылыңқырағандай болып, амандықтан соң:

— Ағай, сіз Қарсақбайға жүретін болсаныз мені жолсерік етіп ала кетесіз бе? — дегеніне Шенеу біржаянын қуаныш та кетті. Ішінен «мына жігіт маған өте дұрыс болды рой, әңгімелесіп жол қысқартатын» деп ойлады. Онсыз да жол ұзақ, ауа райы қолайсыз — күн ыстық, оның үстіне шаң-тозаң. Жол азабы жетіп жатыр, біршама жүргесін-ақ шөл қыса бастайды. Тағы бір ойына келгені — «бұл жігіт біздің жақтың адамына үқсай қоймайды, кім болды екен өзі?» — дегені.

— Е, қарағым, ондай ойың болса жүре рой, мін арбаға, бір аптаңай бірімізге біріміз серік боламыз. Ұзақ жолда әңгіме де керек қой, — деп сол серігімен бірге Шенеу ұзақ, жол сапарын бастап та кетті. «Станциядан біраз шықтық-ау» — дегендеге екеуінің

арасындағы басталған әңгіме одан әрі жалғаса түсті.

— Шырағым, біздің шөл даға не іздең бара жатырсың, шамасы алыс жақтан келесің ғой деймін? — деп сұрады Шенеу.

— Дұрыс айтасыз аға. Елдің шығыс жағындағы Томск деген қалада оқу оқып, инженерлік мамандық алып, Мәскеудің жолдамасымен сіздің ел жаққа треске жұмысқа бара жатырмын.

— Е, онда біржола барасың ба, не бір-екі ай боласың ба, кейбіреулерінің бара сала қайтып жатқандары да кездесіп жүр ғой деп сұрағанда.

— Жок, ақсақал, — барғасын біржола түпкілікті барамын да.

— Жолың болсын, қарағым. Сапарың сәтті, жұмысың жемісті болсын.

— Эмин, айтқаныңыз келсін, аға!

— Аты-жөнің кім? Танысып қояйық. Менің атым Шенеу Дарабайұлы. Сол салынып жатқан Қарсақбай зауыттыңың байырғы жұмыскерлерінің бірімін. Мен мұнда келгелі де жиырма жылдай уақыт болып қалыпты.

— Өзінің атың кім?

Атым Қаныш, азан айттып қойған атым Габдул-Фани, әкем аты Имантай, фамилиям Сәтбаев.

Осыдан соң жас инженермен кіреші ақсақал екеудің біраз үнсіз отырды да қайтадан ұзақ, әңгімемен жалғасқан сұрақ жауаптарға ұласты. Қаныштың сұрайтыны Ұлытау өңірінің тарихы мен ел мұралары, Ер Едігеден бастап бүгін Қарсақбайдың бой көтеріп жатқан жаңа зауыттың құрылышы, оның болашағы. Ал, Шекен болса Қаныштың өмірі, Баянауыл, Семей, Томск т. б. Арқаның аңызак, желі, кірешілердің аспанға көтерілген шаңы, шыжытып күйдіріп бара жатқан күні, қысып бара жатқан шөл. «Мына жігіт шыдарма екен қындыққа!» — деп Шекен мезгіл-мезгіл Қанышқа көз жүгіртіп қояды. Жолды орталап жүріп қалдық-ау дегендегі инженердің үстіндегі қара

костюмі шаңдан ағарып шыға келген екен. Кірешілер әдет бойынша бір жетіден аса жүретін, осы жолы айтылған қызықты әңгімелерден жол қысқарып, шаршап-шалдығып алты күн дегенде Қанекең сағынып құтқен Қарсақбайына да келіп жетті.

Қаныш қөзіне түскені таудың етегіне салынып, жаңа ғана бой көтеріп келе жатқан зауыт құрылысы мен бірен-саран үйлердің арасында Қумола өзенінің екі бірдей жағалауында тігілген көптеген киіз үйлер, оның барлығын бірдей санап шығу мүмкін емес. Бірақ, олардың көптігі Қанышты таң қалдырды. Оқып жүргенде осыншама көптеген кигіз үйлерді елдің шығыс жағынан бұрын-соңды көрмеп еді. Аラларында бірен-саран қара қостар да көрініп қалады. Жас инженердің көңіл аударғаны қостардың көбі Жосалы жолының Қарсақбайға кіре берісінде жолдың бойын жағалап тігілсе керек.

— Ал, біз де келіп жеттік Қанышжан, деп Шенеу ақсақал өз қосының жанына келіп арбасын тоқтатып, шаршап келген түйесін де шөгеріп үлгерді.

Шаршап-шалдығып Қаныш Қарсақбайға жеткен күні қалашық, көркі жаңа ғана көшіп-қонып жатқан ауылға ұқсайтын. Шексіз киіз үйлер, қара кішігірім қостар, шатырлар шашырап әр жерде тұрғызылған. Олар Қумола өзенінің екі жағалауына бірдей қоныстанған көшпенділер. Ара-арасында өздеріне үй соғып жатқандар құрылысшылар да кездеседі.

Қаныш зауыт құрылысына тікелей қатыспаса да жаңа дәуірде мындаі алып құрылысты бірінші көріп, абзал адамдармен танысқанына өте қуанышты. Сол кездегі көзбен қарағанда Қарсақбай құрылысы тенденсі жоқ, күрделі құрылыс болатын. Екпінді жұмыс істеп жатқан мындаған адам. Техника деген жоқтың қасы. Әрбіреуінің қолында күрек пен қайла, ығыжығы құрылысшылар екі бірдей өндірісте жұмыс істеп жатыр. Бірі — зауыт құрылысына кірісіп цехтардың ірге тастарын қалап, қабырғаларын көтеріп

жатса, екінші тобы тар табанды теміржолды Жезқазған, Байқоңыр бағыттарына зауыт іргесінен бастап, жолдағы көптеген тау-тастарды, қыр төбелерді қолмен жарып талқандап Жарма, Алшынбай, Кумола, Жезді, Майтөбе, Ақтөбе станцияларына қарай теміржолды төсеп беттеп барады. Жұмыс қызу, бірнеше аусыммен құрылышылар күндіз-түні істейді. Осында қажырлы жұмысты көргенде жаңа ғана келген Қанышқа да бойына қуат бергендей болды.

ЖОСАЛЫ ЖОЛЫ САПАРЫНДАҒЫ СҰХБАТ

Шенеу: — Қанышжан Томскіге дейін қандай білім алдың?

Қаныш: — 1911 жылы ауыл мектебін бітіріп, одан соң Павлодардағы екі жылдық орыс-қырғыз училищесінде оқыдым. Осы жерде мен орысша толық, үйрендім: жазу, сөйлеуді емін-еркін игердім. Училищеден кейін әкемнің ақылымен Семейдегі мұғалімдік семинарияға барып оқуды жалғастырдым. Ол оқуға құмартқаным онда, Абай оқып еді, Семейде ұлы ақын тұрды. Бұл 1914 жыл болатын. Осы жерде мен көптеген достар таптым, соның бірі Мұхтар Әузев деген жігіт. Семинарияны 1917 бітірдім.

Шенеу: — Қарағым осыған дейін жұмыс істеген боларсың?

Қаныш: — 1920 жылы Баянауылда Ревкомның мүшесі болдым. Мәдени-агарту жұмысын басқарып, сауатсыздықты жою жолында жұмыс істеуге де тұра келді. Көркем өнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып оларға жетекші болдым. Ревкомның ұсынысымен ауылда соттың да қызметін атқардым. Арнайы білімім болмаған соң көбіне кітаптармен достастым. Әділ сот болуға тырыстым.

Шенеу: — Қаныш қарағым, алыстағы өте қын оқуды қайдан тауып алып жүрсің?

Қаныш: — Бір нәрсе бір нәрсеге себеп болады ғой. Өзім ауру-сырқау болып жүргендे біздің Баянауылға Михаил Антонович Усов деген үлкен ғалым келіп өкпе ауруын қымызбен емдеп, ауылда ұзақ уақыт жатты. Көбіне біздің үйде болып жас айырмашылығы болғанымен екеуміз достасып та кеттік. Сол кісінің маған деген қамқорлығы мен қемегінің арқасында Томскіге барып инженер-геолог деген мамандық алды.

Шенеу: — Қарағым, келін бар шығар?

Қаныш: — Институтта оқып жүріп Таися Алексеевна Кошкина деген қызбен үйлесіп некемізді қын үйлендім, ол Томскіде қалды. Мен орналасқасын келмек. Оған дейін бір қызым болған аты Ханиса. Мәнәй себептермен осылай тұрмыс құруға тұра келді.

Осы жауаптан кейін геолог терең ойға кетіп, біраз демалғысы келгендей белгі білдірді. Шаршағандықтың да сыры бар сияқты. Жол ауыр, ыстық күннің көзі, көтерілген шаңмен қосылып адамның мазасын алды. Оны байқап сезген Шенеу сұрақтарды тоқтатып өзі де ойға шомылды.

Қанша кіре тартып жүріп ақсақалмен жол серік болып келе жатқан осындай жолаушыны бұрын соңды көрмеген. Екі-үш күнгі жолды көз алдына елестетіп: «Инженердің сырт пішініне таң қалды. Аққұба жүзі, кең маңдайы, бұп-бүйра қара шашы, байсалды мінезі, салмақты сезі, өмірге деген сүйіспеншілігі, адамға деген шынайы адалдығы осы аз уақыттың өзінде сезіліп қалды. Қаныш үлкен ақыл ойдың, бай сезімнің иесі екенін сездірді. Осы аз уақытта Шекенің тағы бір аңғарғаны, жас жігіт өзінің жайдарлығымен өзіне тартып әкетеді екен. Кішіпейіл мінезімен, қарапайым қалпымен, ақ, көңілімен. Біраздан кейін әңгіме әрі қарай жалғасты.

Шенеу: — Қаныш, қай жерден түлеген түлексің?

Жауап: — Тұған жерім Арқаның сұлу өлкесі — Баянауыл тауының сыртқы бектері, Ақкелін деген жердегі Айырық сайының биік жағасында 1899 жылы 12 сәуірде дүниеге келгем. Әкем аты Имантай — ақылды, сабырлы, момын, терең ойлы кісі. Үлкен ағай Әбікей Омбының семинариясын бітірген, орыс тілі мен әдебиетінің маманы. Екінші ағам Кәрім де семинарияны бітірген. Кіші ағай Фазиз музыкаға бейім, домбыра тартатын, күй шығаратын.

Шенеу: — Экең Имекең жөнінде не айтар едің?

Қаныш: — Әкем жас кезінде өнші, сері болған еken. Қекшеде, Омбыда болып, Қарқаралыда талай қазақ әндерін орындаған. Даусы да адам сүйсініп таңданатында болатын. Сүйіп орындағайтын әндері — «Баянауыл», «Жеңеше», «Алтыбасар», «Балқадиша», «Ыңғақты». Мен әкемнен домбыра тартуды үйрендім. Аham Нұрымның да тамаша қасиеті мен аналық қамқорлығы мен үшін мол. Олар түрғанда «төсі жайлай, төбесі қыстау» сияқты болып көрінетін маған.

Шенеу: — Қаныш балалық шағынан есте қалғандары бар ма?

Жауап: — Маған азан шақырып қойған аты «Габдул-Фани» еken. Ол кезде балалардың атын өзгерту оқай болыпты. Менімен бірге тұған агаларымның аты да осылай өзгеріпті. Өсе келе мені Қаныш деп атап кетіпті. Ибрағымды — Абай, Мұханбет Қанапияны — Шоқан деген сияқты ғой. Мен әкемнің 56 жасында дүниеге келіппін. Басқа балаларға қарағанда әкем маған көбірек көңіл бөлсе керек кенже үл болғасын. Менің кіндігімді кескен Құлжан деген апай, осының алдындағана босанған менің кіндік анам өз емшегімен мені өсіріп бағыпты. Сол апамның мейірімділігі маған да дарыған сияқты...

Шенеу: — Қанышжан өнерге деген өренің қандай?

Жауап: — Әкем мен анамның ақ, сүтінен тараған қасиет шығар, сүйетінім қазақтың қара домбырасы, халық әндері мен қүйлері. Ата-анам да жақсы күй тартып, ән орындаушылар болатын. Біраз әндерді

домбырамен орындаимын, бос уақытымды өнерге арнаймын.

— Аға, жол қысқарсын осы тақырыпты жалғастырайын. Семейде оқып жүрген кезім. Студенттер өнерпаздар үйірмесін үйымдастырыды. Маған да қатысуға тура келді. Қойылымдарда Қобыланды батырдың рөлін ойнап сомдадым, Еңлік-Кебек пьесасында ойнадым. Сахнада «Топай-көк», «Баянауыл», Абай өлеңдерін талай орындауға тура келді. Бала күнімде ауыл әншілерінің шырқап салған әндерін тыңдалап өстім. Семейде оқып жүргенде домбырамен қоса гитара, скрипка, мондалина тартуды үйрендім, талай қазақ әндерінен концерт бердім.

«Өнерді үйрен де жирен» дейді ғой, биді үйренуге де көніл бөлдім. Полька, мазурка, вальс, танго билерін жете игердім. Ол маған Томскіде студент жастармен араласып танысусыма себеп болды, — деп Қаныштыныс алды. Біраздан соң:

— Ағай, сіз осы Қарсақбайдың ағылшындардың жұмыс әрекеттері жөнінде не білесіз? — деп өзінің сұрағын қойды.

Шенеу: — Қарағым бұл өте ұзақ әңгіме. 1906 жылы Қарсақбайға Лондоннан Уэст деген инженер, 1908 жылы Гарвей деген оның әріптесі келіп зерттеу жұмыстарына кірісп кетеді. 1912 жылы ағылшын акционерлері инженердің барлау нәтижесіне сүйене отырып мыс зауыты мен байыту фабрикасын салу жөнінде шешім қабылдайды. Сол мезгілден бастап Қарсақбай жеріне көптеген ағылшын инженерлері, орыс жұмысшылары Ресейден келе бастайды. Зауытты пайдалану уақыты 12-15 жылға есептелінеді. Ағылшындар қызу қарқынға зауыт құрылышын тек 1915 жылы ғана қолға алады.

1917 жылы Қазан революциясынан кейін олар еліне жаппай қашып қайтады, бірақ олардың «қайтып ораламыз» деген сенімі зор болса да зауыт құрылышын бұлдіріп, құрал жабдықтарды сындырып іске алғысыз етіп қалдырады.

ФАСЫРҒА БАҒАЛАНҒАН 15 ЖЫЛ

Қаныштың Қарсақбаймен танысуы зауыт құрылышының басынан басталды. Түнгі қонақ үйіндегі әңгімесінен кейін уәдесінде тұрып И. Деев құрылыштан күтіп алды. Барлық бірдей құрылыш алаңдарын аралатып инженер-техниктермен таныстырып шықты. Одан кейінгі жұмыс құнделігінде өз жұмысымен танысу сапарын Байқоңыр мен Жезқазған руднігі жағынан бастады, треске қарай бағынатын Успен, Спасск кең орындарымен, Қарағанды көмір көзімен танысты. Атбасар түсті металдар тресіне барғандағы мақсаты оның басшыларымен танысып, басқарманың алқа мәжілісіне қатысуға шақырылған болатын. Оны басқарып отырған трест директоры С. С. Дыбең Сәтбаевқа қарап:

— Бәрін басынан бастауымыз керек, Қаныш Имантайұлы. Мыстың қорын тауып, оны өндіру өте курделі жұмыс. Ешқандай дайындық жұмыстары жоқтың қасы. Тағы бір кезек күтпейтін мәселелер теміржол құрылышын тездеп аяқтау. Қандай бір қындық, кездесспесін Қарсақбай зауытын іске қосуымыз керек, — деп тұжырымдады өз ойын трест директоры Дыбең алқа жиынында.

Кезекпен сөз алған Қанекен:

— Мыс көзін дамыту бағытында іс шаралар қолға алыныш жатыр, ол зауыт сөзсіз белгіленген уақытта. Қарсақбай зауыты алғашқы сәбиден алып өндіріске айналатыны сөзсіз. Көп кешікпей оның гудогының дауысын бүкіл Қазақстан еститін болады, — деп трест директорының сөзін қостап өз ойын жас геолог тұжырымдады.

Қаныштың геологиялық зерттеу жұмыстарына бүкіл дархан дағаның тұрғындары көмектесті десе

артық айтылған болмас еді. Арқаны аралап жүргенде көптеген асыл азаматтармен танысып, жол серіктер, қос басшыларды да тапты. Олармен өмірбойы жолдас, дос та болып кетті. Олардың арасында Күзеубай Жидебаев, Рахмет Жаппасбаев, Қойшыбай Смағұлов, Х. Темірбаев, М. Тұңғышпаев, Жалпақ Алдамбергенов, Маман ақсақал, ағайынды Дәрменовтар да болатын.

Аймақтағы сан сапарларында жапан далада Қанышқа көптеген ғалымдар да жолырып жүрді. Олардың ішінде профессор А. А. Гапеев, И. С. Ягодкин, М. П. Русаков, В. К. Котульский, Б. Е. Беденеев т. б. болатын.

Қаныш осы жолы Степан Семенович Дыбеңтың қабылдауында болып, жеке танысып біраз тапсырмалар да алды. Соның бірі, өзінің негізгі жұмысымен бірге оған зауыт құрылысы, зауытты жабдықтау, жұмыскерлердің хал-жағдайына көмек беріп бақылау, жатақханаға, үй жайларына қарасу мәселелері тапсырылды. Қаныш оны «құп» деп қарсы алды. Бүкіл Ұлытау аймағында Қанышқа дейін не бәрі екі-ақ бүрғылау стоногы жұмыс істеп жатыр екен, бұл жағдай Қанышты қатты тебірентіп терең ойға салды. Оған қоса бүрғылаудың шебер мамандары да жоқтың қасы екен. Бұл салада Қаныштың ойына Ленинградта геологтар үшін бүрғылау мамандарын дайындайтын курстар есіне түсті, оның үстіне Қарсақбай геологтары мен Ленинградтықтардың арасында осы күнге дейін еттеген қарым-қатынастар, байланыстар, тәжірибе алмасу шаралары бартуғын.

Қаныш өз жұмысын қелісім бойынша Ленинградқа Қарсақбайдан аздаған сауаты бар, орыс тілін шамалы да болса білетін жас жұмыскерлерді арнайы курстарға жіберіп жергілікті мамандарды дайындаудан бастады. Осындай аз уақыттың арасында геологтар дайындайтын курстарға Мәскеуге, Уралға да жіберді.

Қарсақбайдың өзінде барлау техникасының әліппесін үйрете бастады, курстар ашты, кешкі техникалық сабактар өндіріс басында, станоктар қасында үзбей жүргізілді. Әрбір білімді маманға бір-бір қазақ жастарынан бекітіп қою да әдеттегі дәстүрге қалыптасты. Осы шаруаның бәрін бірдей Қанекең өз қолына алды. Геологтарға қоса курсарда шоферлер, токарлар, коллекторлар, лаборант, бұрғышы мамандықтары осы қысқа мерзімді курсардан дайындалып шырып жатты. Курсқа сабак берушілерге барлық бірдей инженер-техниктер, тәжірибелі байырғы жұмысшылар дәріс беруге пайдаланылды. Қаныштың өзі де, сабак беретін ұстаздар қатарында болатын. Геология партиясындағы барлық бірдей жұмыскерлер осы курстан өткендер болатын. Бірер жылдың ішінде бес жүзге инженер-технигі мен жұмыскері бар іргелі жұмыс орнына айналды.

Қарсақбайға келген ауыл қарттары:

— Қаныш қарағым, мынаны саған алып келдік, — дед қоржындарынан даладан тапқан әртүрлі тастарын ауырсынбай арқалап алып келетін де оны кабинетіне төгіп жайып тастанайтын. Геолог оларға рахметін айтып жылы жүзімен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып жататын. «Жылтырағанның бәрі бірдей алтын емес» дегендей, әкелген тастардың көбі қажетсіз жәй тастар болып ғалымның сынынан өтіп жататын. Дала малшылары Қанышқа осы мал бағып жүріп тапқан тастарын үйіп жинап қоятын. Жыл сайын ондай «жабайы геологтардың» саны көбейе түсті. Кейбіреуі баса көктеп үйіне апарып тапсырады. Оның әрбіреуін Қанекең балаша қуанып қарсы алатын, алып келгендерінің құнды-құнсыздығына қарамай Қоржының босатып, әрбіреуін дүкенге ертіп барып, өзінің қалтасындағы қаржысына ауылға қажетті заттарды қант, шәй, қампит, сабын т. б. әперіп оларды көнілдендіріп жіберетін.

Көбіне Қанекең экспедициядан жеке шырып даланы, тау жоталарды, қырларды аралауды ұнататын.

Қолында ұзын сапты балғасы, «осы қажет болады-ау» дегендерін мойынға асынған қалтасына салып жатады. «Бір ерекшелігі қай тасты қайдан алғанын есіне жақсы сақтайтын еді», — дейді әріптесі геолог Богданчик. Минерал тексеретін мамандар:

— Қаныш Имантайұлы, мына минерал қай жерден табылды, — деп сұрағандა, Қанекең жаңылмай бірден айтады екен.

Геологтың осы қасиетін жақсы білетін ауыл ақсақалдары Қанышқа арнап қап-қап далада мал бағып жүріп тастар жинайтындар саны да көбейе түсті.

Ол келгенде ауылға:

— Қанышжан, саған көптең тастар тауып қойдық, қарап көрші, мүмкін арасында саған керегі де табылып қалар, — деп ұсынып жататын, не кейбіреулер Қарсақбайға жеткізетін. Қай жерде кездеспесін Қанекең оларды жайдары жүзімен қарсы алып, ырза қылып шығарып салатын.

Алыс жолға шыққанда Қанекең: «Мен қарыздар болып қалмайын» дегендей, Қанекеңнің мәшине жүргізушісі Петр да жүк мәшинесінен қап-қап ұн, шәй түсіріп жататын еді» — дейді соны көрген Маман деген ақсақал.

«Ауыл адамдарының әкелген тастарының ішінде ете құнды тастар да кездесетін деп айтып отыратын Қанекең, олардың біразы геологиялық музейде осы күнге дейін сақталуда. Олар ғалым түйіндеген ғылыми деректерге себебін тигізді.

Жезқазған жеріне Қаныш келгеннен соң бүрғылау станогының саны көбейе бастады, әр жұмыс орнының нормасы ұлғайтылды, химиялық лаборатория үйымдастырылды. Келгенине бір жыл жетпес уақыт ішінде Қаныш қазақ жігіттері мен қыздарынан шағын ұжым үйымдастырып та үлгерді, олардың көбі арнайы курстан өтті, бүрғылау ісін толық игерді. Олармен дидарласқанда Қанекең:

— «Сендер ғой, осы жұмысты үлгеріп, планды артығымен орындаң жатқан» — деп, жастардың көңілін көтеріп, иті істерге бастайтын.

Арқаның кең даласын кезіп жүргенде, барлау станоктарын аралаганда өзімен бірге тастанмай алып жүретіні: қара шәйнек, қайла мен балға, карта мен компас, әртүрлі түсті карандаштар мен жазба кітапшалар болатын.

Қанекеңмен бірге істеген жұмыстас қарттардың айтуынша, үлкен қара шәйнекті қайнататын, отқа тезекті де өзі жүгіріп жүріп теретін еді» — дейді.

Қанышпен сол күндері істес болған қарсақбайлық, қарттар бүтінгідей сол күндерді есіне алып көз алдына елестетеді.

— Қаныш алғашқы күннен бастап алғырлық, аңғарғыштық таныта білді. Ол қолына алған істі тындырғанша тыным таппайды екен, күш-қуатын аямайтын, әр уақытта ізденисте болатын — еді дейді соның біреуі.

Жоғарыда айтқандай геологиялық, барлау жұмыстарын Байқоңыр, Жезқазған, Қорғасын аймағынан бастайды. Қанекеңнің алғашқы уақытта бір ескі мәшинесі болатын, бір күн жүріп, бір жеті жөнделетін. Жүздеген шақырым шөл даланы Қаныш атпен аралады. Жас геолог шаршау дегенді білмейтін. Қөргендердің сөзімен айтса, Қанекең салт атқа мінгенде атты әскердің жауынгерлеріндегі, ат үстінде өте мықты емін-еркін отырып, қаңдай бір алыс жол болмасын «шаршадым» деп айтпайтын, шаршаганын білдіртпейтін.

Екінші кезеңінде Шалғия, Қаражал, Жаманайбат, Қызылжар, Қызылтас жерлерін аралап, оларда кен көздерінің мол екеніне көзін жеткізді. Бүгінгі «Қазақмыс» корпорациясының пайдаланғалы отырған Жаман-Айбаты, Теміртау пайдаланып жүрген Қаражал, Балбырауын темір рудасы т. б. сол кезде ашқан Қанекеңнің еңбегі болатын. Жетіқонырлық

тұрғын Күзембай Жидебаев осы бағытқа барғанда Қанышқа жолсерік, атқосшы болған жан. Оның айтуынша, Қаныш биік тауға, қыр төбенің, шыңдардың басына жалғыздан-жалғыз шығатын көрінеді. Әрбір тастың тағдырын тексеріп «тіл табысып сөйлесетін, сыр шертетін. Қандай бір жолда өзен кездеспесін оның жағалауын жаяу аралайтын, — еді деп есіне алады Қүзекең.

— Неге көлікпен араламайсыз, Қанеке? — деген сұраққа.

— Ат үстінде қазба байлық көрінбейді де, табылмайды, — дейтін Қанекең.

Таися Алексеевнаның айтуынша, жаз айларында Қанекең 12-15 килоға дейін жүдеп, ариды екен.

Қанекеңнің жұмыс уақыты таңертеңнен кешке дейін созылады екен, кейде 15-20 сағатқа дейін баратын. Оның жұмыс орны — мәшиненің кабинасы, контор мен үйі, бұрғылау станогы тұрған жері мен қонақ, үйі болыпты.

Экспедицияны аралап келгеннен кейін оны қорытындылап ғылыми деректер деңгейіне жеткізіп отырды, баспаларға да мақалалар жіберіліп жатты.

Қанекеңнің бірер жылдан кейін жұмыс бабына пайдаланылатын мәшине де бөлінді. Оның жүргізушісі Петр Михайлович Киселев тек шофер ғана болып қоймай ол Қанекеңнің жансерігі бола алды. Оның тамашалығы күндіз түн демей дала жолын өте жақсы біледі екен. Өзінің бастығы сияқты Петр да шаршау дегенді білмейтін еді. Мәшине сынып қалғанның өзінде жапан далада жалғыз техникаға тіл бітіріп Қанекеңді жаяулатпауга тырысатын. Ұзақ, жолды қысқарту мақсатында Петр Қанекеңе күлдіргі әңгімелер (анекдоттар) айтып, күлкіге бөлеп шек-сілесін қатыратын. Өз жүргізушісін сыйлайтындығы соңшама, Қанекең асқа Киселевсіз отырмайды екен.

Арқа ақсақалдары ауылдарына келмей Қаныш аз да болса кешігіңкіреп қалса:

— Қанышжан-ау, көп болды ғой келмегеніңе, сені сағыныш қалдық қой, — деп сағынғанын сарғайа күтіп алғып, қонағасысының қамына кірісетін.

Бірде Ұлытау өңіріндегі сексеннен асқан қарт кеніші Рахмет Жаппасбаев:

— Қарағым Қаныш, талай инженерлермен осы жасымда жолдас болып едім осы аймақта, бүкіл елді, Орта Азияны да олармен араладым. Бірақ, сенімен бірге жүрген күндер жеке бір дәуір сияқты, оған қоса сенімен бірге жүрсем көрілкті де ұмытып кетем, жастығым есіме түседі. Қанышжан біздің көнілімізді көтеріп жасарттын сенің істеген ұлы істерің, жүрек жайлы жүрісің, айтқан асыл сөздерің. Есінде ме, жаным, мәшинеде келе жатқанда өзіңнің кабинедегі жайлы-жұмсақ орнынды маған ұсынатыныңды, өзің болса жүк мәшиненің үстінде селкілдеп, күнге күйіп, суыққа тоңып, мазаң кететінін. Мен оны қалай ұмытпақтын! — деп қарт көзіне жас алатын. Әрбір даладағы жол сапарларында жұмыс бабымен демалғанда Қанекең ақсақалға:

— Раха, сіз жатып демалыңыз, шәйді өзіміз қайнатамыз, — деп жүргізушісімен екеуі тезек теріп, от жағып, шай қойып Рахаңа күтім жасайтын. Соның ара-арасында қолы аз-маз босай қалса картасын сзып, қағазын жазып бүгінгі істелген жұмыстың қорытындысын жасайтын, демалуды білмейтін өте мазасыз жан болатын.

Қаныш жоспарында комиссияның ертелі кеш жүргізілген кен зерттеу құжаттарымен егжей-тегжей танысу, барлаушылармен, барлы-жоқты геолог мамандармен танысу. Ағылшындардан қалған құжаттар Қаныштың ойынан шықлады. Қарсақ-байдағы геологиялық бөлімшениң жұмысы мен жұмыскерлері де жоқтың қасы, жадап жүдеген. Дала жұмысына не бәрі 1-2 барлаушылар шығады екен. Бүкіл геология партияларының қарамағында не бәрі екі машина мен бірнеше ат жеккен арбаларға қоса

геологтар мінетін салт аттар бар екен. Техника дегендер жоқтың қасы, арбалар сынық, аттар жүдеу, қатты жедден құлап қалатын сияқты. Қаныштың ойы су сепкендей басылып қалды, бірақ, ол мұңаймады. Терең ойға кетті, болашақты болжады. Әлде де бірер күн Қарсақбайда аялдап, аудан басшыларымен, тұрғындармен танысып, уақытының көбін құрылыс басында еткізіп жүрді. Реті келсе Деевті әңгімеге тартады.

Қарсақбайда Қанышқа деген жағдай жоқтың қасы. Үй болмайтын болды, дұрыс демалатын орын да жоқ. Осындай болатынын білген Қаныш сүйіп қосылған жарын Томскіге тастап кеткен болатын. Сол себептен жас инженер-геолог уақытының көбін дала кезіп барлау жұмысымен шұғылданғанды жаны жақсы көретін. Т. А. Кошкинаға жазған алғашқы хаттарының бірінде: «Тася, ел игілігі үшін мен өз басымның жағдайын ойлаудан көрі бүкіл Орталық Қазақстанды аралап жүруді жөн көрер едім», — деп жазыпты.

Геологиялық барлау жұмыстарына Қаныш қызу кіріспе те кетті, жұмыс уақыты таңның атысы, күннің батысы барлау барысында талай қындықтарға кездесті. Машиналары сынып, жаяулап-жалпылап баратын жерге жетіп жүрді. Адасқан, тоңып-жаураған, аңызак, шалып күнге күйген, шөлдеп шаршаған, ашыққан күндері де аз емес.

«Жау жағадан алғанда ит етектен алады» дегендей, бұл жақтағы қындық бір басқа жетіп артылып жатқанда, Баянауыл жағынан жайсыз хабарлар бірінен соң бірі жанын қинап Қарсақбайға да жетіп жатты. 1927 жылдың басында ағасы Әбікей ешбір себепсізден түрмеге жабылды, соты да болды. Сол жылы елде кезекті жұт болып, біраз жақын туыстары, ағайын-жекжаттары қайтыс болды. Осы жылдары Қазақстанда байларды жаштай қонфискеу науқаны басталған болатын. Мәскеуде жол сапармен жүрген Қанышқа НКВД еліне қайтуға рұқсат етпеді, тиым

салынды, Қарсақбайға келгелі екі жылға айналған. Ұлытау — Жезқазған өңірінде барлау жұмысы өте қызу жүріп жатқан кез еді. Оған қоса ағасы Бекеш те сондай сұлтаулармен жауапқа тартылады. Әкесі Имантай түрмеге қамалады. Қындыққа шыдай алмаған Имкең ұрып соғудан 1928 жылдың мамыр айында түрмеде қайтыс болады. Сүйікті әкесін жерлеуге, соңғы сапарға шығарып салып, топырақ, салыш, балалық борышын ақтауға рұқсат ала алмады. Дүниедегі ең ауыр жаза осы екен. Шамалы мал басы бар, тек қана күн көрудің қамына жиналған, оны да «байдың малы» деп конфискелеп жинап алады.

Қарсақбай өндірісімен, ауыл ақсақалдарымен, болашақ қалашықпен танысып алған соң өзінің барлау жұмысын жүргізіп жатқан геологтарымен танысу үшін Байқоңыра, Жезқазғанға, Қорғасынға барып өндіріс көздерін тексеріп зерттеу жұмыстарымен танысып енді жол сапарын ұлғайта түсті. Жолсызбен салт ат үстінде Успен, Спасск мыс кендеріне, Қарағанды көміріне жол шекті. Себебі олардың бәрі бірдей Атбасар түсті металдар тресіне қарайтын. Эр сапарына жол басшы етіп, жолды, жерді жақсы білетін ауыл ақсақалдарын жол серік қылыш ертетін. Алғашқы тексеріс барлау жұмыстарын Қаныш Ұлытау өңірінен бастап Чайзатасты, Жезді, Қаракеңгір өзендерінің бойын бетке алды. Әсіресе Тасқұдық пен Милықұдық мекендерінде көп айналды. Онда ескі шахталарды тауып, олардың ішіне түсіп тамашалады.

Қарағандыға барғанда көмір орындарын ғылыми түрғыда тексеріп жүрген профессор А. А. Гапеевпен танысып, көмір бассейнінің қорымен, болашағымен жақсы бөліседі. Ол кезде Қарағанды елге әлі белгісіз өндіріс орны еді.

Ұлытау өңірін аралап жүріп Қаныш Иван Степанович Яговкинмен танысып сырласты. Ол кісі Ленинградтан геология комитетінің тапсырмасымен

Орталық Қазақстанға осыдан екі жыл бұрын келісім шартпен жіберіліп зерттеп жүрген болатын. Өз өңгімесінде осы уақытта өзінің тапқан көздерін, ағылшындардың жүріп өткен жолдарын, тексерген 295 скважиналарын әңгіме етті. Әңгіме қорытындысында ол өз ақыл-кеңесін жас маманға айтып ортага салды.

— Ағылшындар жер қыртысының тек бет жағын шұқып көп нәрсе таба алмады. Рудаларды өте тереңірек барып қазу керек. Бұл жер бай жер, оған көзім жетті, мыстан басқа алтын, күміс, никель т. б. қымбат металдар да бар. Бірақ соны халық иглігіне пайдалану жолдарын қарастыр Қаныш. Сенің болашагың алдағой, — деп әрі ақылын айттып, батасын да берді ғалым.

Қаныш Жезқазған карьерлерін, Сорқұдық, Милықұдық, Сымтас жерлерін аралағанда ертеде кен қазып, руда алып мыс қорытқан жерлерді көзімен көрді. Соңғы еңбектерінің бірінде Қаныш Имантайұлы: «Жезқазған мысын қола дәүірінен бастап ала бастаған көрінеді. Шамамен алғанда ол 2500-3000 жыл бұрын екен» — деп жазған. Томскіге, Мәскеуге, Ленинградқа жол сапарларымен барғанда, кітапханаларда арнайы іздеу салып өлкे тарихымен тереңірек танысып, Николай Рычковтың 1771 жылы жазылған Ұлытау аймағын аралап жүргендегі күнделігі де қолға түсіп толық танысады, зерттеп оқиды.

СӘТБАЕВ пен И. В. ДЕЕВ

Қаныш Мәскеудегі тұсті металдар басқармасынан Қарсақбай зауытының құрлысының директоры жөнінде көптеген деректер алған еді, Жосалының жол сапарында Шенеу ақсақалдың аузынан Иван Васильевич туралы оны толықтырды.

Алыс та қын ұзақ, жолдан шаршап шалдырып келген Қаныш қонақ үйінде енді ғана тыныстап дем алып жатқан кезі болатын. «Шаршағанын басып бірер күн дем аламын ба» — деген ойында да бар болатын. Қарсақбай «ұзынқұлағынан» Қаныш Сәтбаев келді деген хабарды естіп Деев: «Әрі танысып білісейін, қал жағдайын көрейін» — деген ақ, ниетпен, көптен күтіп жүрген Деев, қонақ үйге жүгіре басып, келіп, бөлмесінің есігін қағып ұлықсат сұрап кіреді. Дем алу қайда, түні бойы ұзақ та қызық әңгіме жалғасып, бірін-бірі баяғыдан билетіндей, танитындаі таң атқанша қонақ үйдегі Қаныш бөлмесінде екеуі әңгімелесіп шығады. Әңгіме желісі: Өлкө тарихы, жаңа зауыт құрлысының барысы, мысты өңірдің ертеңі. Қанша ұзақ әңгімелескенімен Иван Васильевичтің аузынан көріп жүрген қындық қасіреттері жөнінде бір ауыз сөз болған жоқ. Қаныш Мәскеуде Деев туралы естігені аңыз болып көрінгенімен, оның растығына көзі енді жеткендей болды. Қарсақбай зауытының құрлысы бастала бастап, халық, құрылтайында: — Зауытқа директор кім болады? — дегенде қатысушылар бір ауыздан Деевтің атын атап дауысқа салып бекітеді. Оның кандидатурасын Главка (бас басқарма) да қостап, қолданап бекітіп бүйірық, шығарады. Мамандығы медицина майталманы болғаны мен өндіріске қызу кірісіп-ақ, кетіп еді. Халық қалауында қателік болмады. Ол осы жерге жер аударылып келгелі де 12-13 жыл болды, тұрғындарды жақсы біледі, қазақ, тіліне де жетік, өте ынталы,

жігерлі, айтқан, алған бетінен қайтпайды. Адамның психологиясының жетік маманы, жұмыскерлердің хал — акуалын жақсы біледі. Алғашқы сөйлесіп, кездесуінде Деевтің үлкен азаматтығы мен парасаттығы, еңбекқорлығы Қаныштың ойынан шықты. Міне осылай екі алып бірін-бірі білісіп, танысып, бүгіннен бастап екеуінің арасындағы достық, басталып, ол өмір бойы жалғасты, Алматыда да ұласты. Достық тек екеуінің арасындаған болмай, отбастары, бала шағалары достасып жалғастырып жатты.

Әсіресе бұл кездесуде Деевтің қуанышында Қаныштың келуіне байланысты шек жоқ, еді: «Енді құрылыс пен зауыт жұмысының барысын ақылдасып, кеңесіп, түсінбегенімді сұрап алатындаі, көзі ашық, техникадан сауаты мол маман — инженердің құдай айдал, жанына серік, ақылшы болып келуі» — маған қандай мақтаныш» — деп ойлады Иван Васильевич.

Келе жатып Қаныш Деевті көз алдына алып денелі, батыр тұлғалы зор адам етіп елестеткен еді. Керісінше зауыт директоры талдырмаша, сырғақтай, денесінде артық, еті жоқ, жүдеу, шаршап шалдыққандай өңі бар жан екен.

Тек Қаныштың таң қалғаны: «Мынадай нәзік жандар қанша қуат пен жігер, күш пен қайрат, ақыл мен даналық, парасат пен адамгершілік кішкенеғанда денесіне сия берді» — екен деп. Кейін байқағанында Иван Васильевич демалыс дегенді білмейді екен, оның үйінде тыныстап жатқан уақытын Қаныш көре алмады. «Қай уақытта дем алып тыныстайды екен?» — деп жазды бір естілігінде Қанекең. Қундіз-түні Деев зауыт құрылысы мен төселіп жатқан темір жол құрылысының басында. Байқағаны барлық бірдей мәселені шешетін бір өзіған: шегеден бастап, ЦЭСтің үлкен-үлкен турбиналары, зауыт трубалары, құрал-саймандар бәрі бірдей көлікпен Жобсаудан жеткізіліп жататын. Біреуі жоқ болса болғаны жұмыс ыргағы бұзыла бастайды. Оның үстіне азық-түлік, киім-кешек

Атбасар жағынан жеткізілетін. Иван Васильевич қанша қызын болғаны мен жұмысты бір сағатта тоқтатпады, жұмыскерлердің әлеуметтік мәселесін де шешіп отырды. Деевтың әңгімесінен Қаныштың үққаны келесі екі жылдың ішінде зауыт құрылысын біржола аяқтап Қазақстан тұңғыш мысын Отанға сый етіп тарту. Арнайы техникалық білімі болмаса да Деев айтқан сөзінде түрді, алып құрылысты аяқтады. Арқаның алып құрылысы 16.IX-1928 ж. мыс зауыты пешінің отын тұтатты, 10.X-28 ж пештегі тарту қызуы 1400 градуска жетті, 19.X-28 ж. зауыт іске қосылып алғашқы мысын өндіруі осы екі асыл азаматтың еңбегінің жемісі болатын. Зауыт құрылысы шөл далада, жергілікті жерде ешбір қолайлы жағдайдың жоқ кезінде салынды. Құрылыс қарқынына қызыққан Қаныш барлық бос уақытын құрылыс басында өткізіп жүрді. Қаныш Қарсақбайға зауыт құрылысының өте қызу қарқынды жүріп жатқан кезде келді. Шыңдалған күрек, қайла, тачкалар құрылыс жұмысы үстінде болатын. Тауды жарып, тасты талқандап, өзен үстерінен көшір салып тар табанды темір жол да екі бағытта бірдей салынып жатты.

Қаныштың келген күнінің ертеңінде-ак Деев Қанышты соңына ертіп барлық цехтарды аралып инженер-техниктермен, құрылысшылармен таныстырып өткен. Қажет деген жерде Қаныштан ақыл кеңес те сұрап жататын. Өлкенің тарихына терең үңілуіне Қанышқа Деев зор көмек көрсетті. Оның қандай бір әңгімесі болмасын Қаныш ынта қойып тыңдалған, қалта кітапшасына жазып та алатын. Бірер жылдан кейін Қаныш мыс өлкесін өндіріс орындарымен темір жол арқылы байланыстыруды қызу қолға алды. 418 шақырым ұзына бойына Жарықтан Жезқазғанға тартылған темір жол Қарағандымен, Солтүстік облыстармен байланыстыруды. Темір жолды пайдалануға өтізгенде Қанекен

қуанышы зор болды, оны айтып жеткізу қиын. Өзінің қарсақбайлық шын досы И. В. Деевті серіктікке алып, екеуі осы темір жолдың алғашқы сапарында түңгыш жолаушылары болып жүріп өткенін де айтып өткен жөн.

Қанышқа тағы бір ұнағаны Иван Васильевич қазақтың салт-дәстүрін, әдет-түрпін, тілін жақсы біліп, жергілікті тұргындармен сойлесіп сыр да шерте алатын. Ел арасындағы оның ішінде зауыт құрылышыларының арасындағы Деевтің беделін айтып жеткізу қиын. Қарсақбайда екеуінің арасындағы достығы балаларының арасында да жалғасып жатты. Қанышты тағы бір таң қалдырғаны Деевтің өлкे тарихын өте жетік білуі, өндіріс десе жанын беретін, зауыт басында талай түнеп қалған күндері де аз болған жоқ. Жолы үлкен болса да Қанекең досын мақтан ететін, ақыл-кеңес сұрайтын, оған сүйенетін, ауырып-сырқап қалса Деевте емделетін. Ол кісі Қарсақбайда Амангелді Имановпен, Әліби Жанкелдинмен, Сабыр Шәріповпен, Әділбек Майкотовпен танысты. Олар жөнінде Қанышқа дастан етіп әңгімелеп берді.

«Әкесі достың баласы дос» — дегендей Деевтің Байқоңырда туған жаңғыз қызы Валентина мен Ханиса өте тату дос болып бірге өсіп біте қайнады, олар өздерін бір ата-анадан тугандай сезінді. Ханиса мен Валентинаның достығы Қарсақбайдан Алматыда жалғасты. Деев өзі жөнінде әңгімені аз айтатын. Әңгімесінің арқауы Қарсақбай — Ұлытау — Жезқазған, оны естіген Қаныш кейде «осы кісінің өлкे жөніндегі сүйіспеншілігі аса зор, мыс өлкесінде туып өскен жан сияқты» — деп те ойлайтын. Қарсақбай тарихын жыр қылып, аңызға айналдырып, олардың адамдарын да мақтан етіп әңгімеге қосатын. Қанекең Деевті өлкені өзегіндей сүйетін, халқын жан-тәнімен сыйлайтын ғажайып жан» — деп жазған болатын.

Екеуінің жұмысы екі салада болса да, бірінсіз бірі тұра алмайтындағы қарым-қатынаста болды. Деев Ленин орденімен марапатталғанда үйіне телефон соғып құттықтаған да Қанекең еді. Көптеген екеуінің жол сапарлары, курорт-санаторийларға баруы да бірге болатын. Қанекең Деевті «Жер асты байлығын көрсетең» деп шахталарға да талай рет түсірген.

Үлкен Жезқазған үшін құресте Деев әр уақытта Қаныштың жаңынан табылып, оған қолұшын беріп көмегін көрсете алды. Өмірінің соңғы жылдарында партия Орталық Комитетінің құрамында лекторлар тобын басқарып жүріп Қарсақбай Жезқазғанына талай келіп жүрді. «Байқоңыр маған тумасам да туғандай болған ыстық мекенім» — дейтін Иван Васильевич.

Қарсақбайды аралап, адамдарымен, өндірісімен танысып, көзін қанықтырып, қарқынды құрылышқа барған сайын қызыға түсті. Бос уақыты болса зауытқа барып, әрбір қаланған кірпішке, қағылған шегеге геолог балаша қуанды. Қаныштың көз алдында зауыт трубалары да биіктеп бой көтере берді. Оның үстіне соғылып биіктей бастаған Қарсақбай тоғаны, оның жинаған көлі тек Қанышқа ғана емес, бүкіл қарсақбайлықтардың көңілін көтерді, қуанышқа бөледі. Өндіріс енді суға шөлдемейтіндей болды. Жасанды көл халықтың демалатын орнына айналды: суға түседі, дем алады, балық аулайды, көл жағасындағы парк та демалуға шақырып тұрғандай.

Қарсақбай зауыты өзінің алғашқы мысын бергенде мұндай алып өндірістің жұмысына Қанекең балаша қуанып:

— Ұлытау үстінен тұңғыш рет зауыт гудогінің үні естілгенде Қазақстан түпкіріне сезсіз қуатты үн қосылды. Бұл жаңғыруды күшейткен Ұлытаудың шартарапқа жайылған тарихи атағы оны жаңа жырмен шырқатты, — деп жазды өзінің ертеректегі естіліктерінің бірінде.

КОМБИНАТ ГЕОЛОГЫ

10 июнь 1929 жыл. Атбасар түсті металдар тресі 4 жыл өмір сүріп жабылады да оның жұмысы Қарсақбай комбинатына беріледі. Комбинаттың геологиялық барлау жұмысы үйымдасып оның бастығы болып Қаныш Имантайұлы тағайындалады. Комбинатқа геологиядан басқа Қарсақбай зауыты, Жезқазған кен орны, Байқоңыр көмір көздері қарады, ал геологияға Ұлытау өндіріне қоса Спасск мен Қарағанды кен орындары да болатын, оның тексеріп зерттейтін жерлері республиканың төрттен бірін алғып жатты.

Қарағанды мен Қарсақбайда бір уақытта бірдей барлау жұмыстарын жүргізу шалғайлығына байланысты Қанышқа қыынға түсті.

Оның басты себептері көлік қатынасының жоқтың қасында болуы, бұрғылау станогының жетіспеуі. Ол кезде Одақтағы геологияның Комитеті Мәскеуде орналасқан, алғашқы уақыттағы Жезқазған өніріндегі барлау жұмысын келісім шарт арқылы жүргізуге тұра келді.

Қанышсыз 1927 жылдың мамыр айында Ленинградтың барлаушылары «Петро» шахтасының маңайын зерттеп, 115 шаршы шақырым жерді бұрғылаап, алғашқы зерттеу жұмыстары көнілге қонарлық нәтиже бере бастады. Жетіқоңырлық Күзембай деген қария Қаныш Каражал, Қызылжар, Тобылғылы жерлерін аралағанда жол көрсетуші атқосшы болыпты. Оның айтуынша Қаныш биік таутастың, қырдың, төбенің, шыңың басынға жалғыз өзі шығатын. Әрбір тастың құрылышын тексеріп, онымен «тіл табысып, сөйлесіп, сыр шертетіндей» болатын.

Тұрлан (Ашысай) кен көзін ашып зерттеу, барлау шараларын да трест Қанышқа таисырды.

Байқоңыр көмір көзін тексеріп жүріп Қияқтының бай көмірін ашты. Досмағанбет пен Қарағайлыда

барлау нәтижесінде фосфарит және құрылыш материалдарын тапты.

Атасу, Қаражал, Теректі, Әулиетас, Шалғия, Қызылжар, Қызылтас, Найзатас, Тасқұдық, Терісаққан, Атбасар, Жаман-Айбат, Торғайдың бокситы, Айранбай, Қыпшақбай мыс көндөрі, бір сөзben айтқанда бүкіл арқадағы бүгінде пайдаланып жүрген кен байлықтары сол жылдары Қаныш барлап тапқандар.

Қаныш Қарсақбайға келгенде барлау геологиялық жұмыс жоқтың қасында болса, бүрғылардың саны бірер жылдың ішінде 25-30-ға жетті екі-үшеуден, оның шекарасы Солтүстікке қарай 120-150 шақырымға кеңіді. Қаныш өзінің бастаған жұмысын, бүрғыны терендеп тексеру шараларын, станоктарда жұмыс істейтін жергілікті кадрлар мәселесін, станоктардың санын көбейтумен қоса, олардың қысы-жазы жұмыс істеу жағдайын ойластыруды өз қолына тікелей алды. Қанышқа дейін геологтар тек жазда істеп қыста демалатын, қыскы 40° суықта станоктар қатып қалатын да бүрғылау жұмыстарын жүргізе алмайтын, егер олардың үстіне ағаштан қорған соғатын болса оған материалдар жоқ. Ал бір жерден екінші жерге көшіп барғанда оны көшіріп қыстың көзі қырауда қайтадан орнату үлкен қиындыққа соқтыратын.

Бүрғылау станоктарын жыл бойы істеп жұмыс өнбейтін болды. Жас геологтың ата дәстүрлері еске түсіп, ойна кигіз үйді қыста пайдалану келе қалды. Ақсақалдармен қылдастып: — Бүрғылау станогінің үстіне үй тікsek ше? — деп Қаныш балаша қуанды бір күні. Оның өтініші бойынша Қарсақбай комбинаты бірнеше кигіз үй сатып алғып, ғалымның көптен ойлаған қиялы іске асты. Айтқандай-ақ тігілген кигіз үйлер станоктарды қажетті қызумен қамтамасыз етіп, суықтан сақтады.

Жезқазған жеріне ғасыр басында келген ағылшындар тек жердің бетіндегі бай мысты алғып,

жердің терең қыртысын тексеріп зерттеуді қынысынған. Олар бұл жерді не бәрі 2-3 скважина қазып, уақытына 10-15 жыл бойы ғана пайдалану мерізімін белгілепті. Соңдықтан олар жердең бетіндегі руда байлықтарын ғана алып, терең жер астынан кен алушан бас тартыпты, оған қосымша көп қаржы қажет еді. Қаныш алғашқы терең бүрғылауынан-ақ нәтижеге жетті, 40-60 метр тереңдіктен Қаныш бүрғылаушылары бай руданы таба бастады. Терендеген сайын мыстың рудадағы қоспасы көбейе түсті. Мыспен қатар бірнеше жүздеген метр тереңдікте темір мен марганец, көмір мен алтын, қорғасын мен асбест те табыла бастады. Осыдан кейін Қаныш химлаборатория салу жөніндегі ойын іске асырды. Өз жұмысында көптеген жаңалықты Қанекең өндіріске кіргізе бастады. Онда руданың құрамындағы мыстың мөлшерін экспресс-әдіспен анықтау, химиялық және спектрлік тәсілмен талдау жүргізу, электр жүйесі арқылы жер астын зерттеу, сейсмометрия жүргізу.

Бірде Қарсақбай жерінде өзінің ұстазы болған ғалым Михаил Петрович Русаковты көріп, өз жаңалықтарын баяндағанда:

— Сенің геологиялық жұмысың, мен кеше ғана көріп келген американцың барлау жұмысынан кем емес екен, артық болмаса! Сенен-ақ үйренуге болады екен. Сенің ұйымдастырығаның — арқа даласындағы өте ірі геологиялық барлау комбинаты ғой, — дегені үлкен ғалымның Қанышқа берген бағасы еді.

Алғашқы тапқан бай мыс қоспасы бар рудалар Мәскеуге жеткізіліп лабораториялық тексеруден өткізіліп тұрды. Сол кезде Мәскеуге қөшіп келіп орналасқан әйелі Таися Алексеевна Кошкина Қарсақбайдан жеткізілген материалдарды уақытылы тексеруден өткізуге көмектесіп, қорытындысын Қанышқа хабарлап жеткізіп тұрды.

Егер 1926 жылы не бәрі 2 скважина жұмыс істесе; екі жылдан соң оның саны 14-15 есе көбейді, бүрғылау тереңдігі 58 метрге дейін тереңдетілді.

Қанекең терең бұрғылау мамандарын Свердловскіден, Мәскеуден, Украинадан шақырып алса, бірақ олар жаздың ыстыры мен қыстың сұғына шыдай алмай елдеріне қайтып жатты. Соңдықтан Қаныш кадр мәселеісін шешуге кірісп кетті. Талантты, қабылетті жастарды жоғарғы оқу орындарына жолдамамен жіберіп инженерлер де дайындаған бастады: Әмірхан Байқоңыров, Әбдірахман Тоқтыбаев т. б.

Кейінірек Қарсақбай үлкен геологтар мектебіне айналды, көптеген геолог-инженерлер, геолог-ғалымдар өсіп дамып Қарсақбай үлкен университетке айналды. Егер оның түңғышы Қаныш болса, оның ізбасарлары, шәкірттері Социалистік Еңбек Ерлери Сайд Нагимұлы Сейфуллин, Василий Иванович Штифановтар осы мектептің геологиясынан өткен жандар. Штифановтың 60 жылдық өмірі Жезқазған геологиясымен тығыз байланысты.

1933 жылдың басында Жезқазған геологиялық барлау ұжымы 500 ден, инженер-техниктері мен жұмыскерлері болып, 460 шаршы шақырым жердің барлау жұмыстарын жүргізіп жатты.

Қаныштың бақылауымен жаздың әрбір сағатын тиімді пайдалануды талап етті. Таися жазған естеліктерде «Қаныш ауру дегеннің не екенін білмейтін, ауырып қалған күнінің өзінде жұмыс басынан табылатын. Ауруды дұрыстап ауыруына оның уақыты болмайтын еді», — деп жазған екен. Ленинградтағы, Мәскеудегі басшылар Қаныш ашқан кен орындарын жоққа шығарып оны «өтірікші, жалған деректі геолог» — деп қолдамады. Оны көре алмаған қызғаншақ, теріс пікір орыс ғалымдары И. С. Яговкиннен, В. П. Симоновтан, А. И. Тименнен шығып жатты. Олар Қанышқа «Фантазер» деп те ат қойды. «Сәтбаев жұмысы — құр әуре» — деді оның кейбіреуі. Өжет геолог қанша оған жаманат тағылып өсек өрлең жатса да, алған бетінен қайтпай барлау жұмыстарын жалғастырып жатты.

Қаныштың Қарсақбайдың өмір жолында кездескен қыныңдықтар аз болған жоқ. Оның ашып дәлелдеген ғылыми табыстарының өзі Мәскеудегі геологиялық комитеттен қолдау таба алмады. Ол аз дегендей Қаныштың ашқан кен байлықтарын жоққа шығарып, оның ғылыми болжамын қиял деушілер аз болған жоқ. Қанышты етегінен тартты, аяғынан шалды, бірақ жас геолог оларға берілмеді, алған бағытынан қайтпады. Фалым өзінің дұрыс бағытта екеніне сенімді болды, Жезқазған жер астының байлығына толық сендей.

Сол көп кедергіліктердің бірі — 1929 жылдың күзіне қарай, жұмыс дамып өркендең келе жатқанда бөлінген қаржыны геологияның бас басқармасы күрт қысқартып тастап оның тек оннан бір бөлігін-ақ қалдыруы болды. Бұл жағдай қысқа қарсы геологияның жабылуына әкеліп соғатыны сөзсіз. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, кешеғана біткен ашаршылықтан кейін, енді көзімізді ашамыз гой дей бергенде, 1933 жыл геологтар үшін кезекті жүтпен басталды. Мәскеудегі «Главцветмет» басқармасынан жедел хат та жетіп келді. Онда:

«Сіздерге жаңа жылда бөлінетін қаржы бір пайызың дейін кемтіледі» дедінген. 27 станоктың күндіз-түні істеп тұрған жағдайында бұл қаржы, тек жалақығағана жетеді, — деген сөз. Олай болса жүріп жатқан барлау жұмыстары біржола тоқтайды. Осы хабарды естіген мыңға таяу бүрғылаушылар Қарсақбайдың жиналып:

— Енді не істейміз? — деген сауалды Қанышқа қояды.

— Жоғарыдан бүйрық бары рас. Оның себебі маған белгісіз, бірақ, ешбір негіzsіз жазылған жарлық, Қаржы бөлуді тоқтату деген сөз, Жезқазған жерінің байлығын жоққа шығарту, — деп жауап берді. Қаныш бетінде шаршағандық, пен уайым-қайғының, мұң мен зардың зардабы сезілгендей. Бұл бүкіл геологияның

мұңы, соншама атқарылған жұмысты аяқтамай орта жолда тоқтату» — деген сөз.

— Қанышкан, бұл жауыздықтың нағыз өзі, нендей бізге ақыл бересің, жұмыстан айырыласақ біздің балашағамыздың өлгені рой. Олай болуга тиісті емес. Сталин жолдасқа хат жазсақ қайтеді? — деп бір үлкен кісі дауыстап сөйлеп тұр. Дауыс білдіріп сөз сөйлеушілер аз болмады. Жиналғандарды, тыныштандырган Қаныш сабырлылықпен орнынан тұрып ойланып:

— Жағдайдың ауыр екенін сіздер де сезінген сияқтысыздар. Жұмысты орта жолға тастап кетуге болмайды. Мен өзім осы жерде қалып жұмысымды ағына дейін жалғастырмақпын, әрине бұл жағдайда ешбір ақылы — пұлсыз.

Мен енді осы құрделі мәселені шешу үшін Мәскеуге жүрмекпін. Егер кімде-кім Жезқазған болашағына сенетін болса жұмыс басында қала берсін, бірақ толенетін ақша жоқ. «Тек бар мен жоқты, нан мен суды, аңы мен тұщыны бірдей етіп тең бөлу». Әрине, бұл жағдай жұмыскерлерге, Қанышқа да оңай тиген жоқ. «Біз, Қаныш, әр уақытта сенімен біргеміз» деген 72 адам жұмыс орнында қалды. Бұл ақпан айының аяқ, кезі болатын, осыдан бастап тағы бір қызындық, кезеңі басталды. Геологияның біраз бөлігі комбинат қарамағына өткізілді, бұргылау станоктарының саны күрт қысқарды, шамалы тәжірибелілері қысқартылып жұмыстан босатылса, біразы ақысыз демалысқа жіберіледі де «экспедицияның алтын қоры» деп аталған бөлігі ғана сақталынып қалды.

Қарлы боранды бетке алып, қаһарлы аяз күні жалғыз өзі салт атпен халық пен ел итілігіне шешім ізден, Қанекең Жосалы станциясын бетке алып Мәскеуге жол жүрді. Қаныш өміріндегі бұл сапар ең бір ауыры, қыны да қауыптысы еді: адасты, ашықты, тоңып жаурады, талай қауіпті кезеңдер де кездесті. Аңсаған Мәскеуіне де жетті: «Келіпсің рой Қаныш,

қиналып» — деп маңдайынан сипаған ешкім табылмады. Керісінше шаршап-шалдырып келген Қанышты сүрінгенен жығу болды. Қайда бармасын қарсы алдынан қырсық-қыңыр сұрақтар дайын тұрды. Олар сан алуан:

— Жезқазған байлығына сену қын, оны сенімді ешкім тексерген жоқ.

— Шөл далада не су, не егін, бау-бақша өсіретін жер жоқ.

— Сәтбаев деген кім? Русаков тұрғанда.

— Қоңырат қоры көнілге қонады, теміржолдан алыс емес, жанында жайылып Балқаш көлі жатқан жоқ па, сондықтан Балқаш комбинаты салынып та жатыр фой...

— Жезқазған жөніндегі пікір тек сіздікі ғана, біз болсақ басқаша ойдамыз, — деп бәрі бірдей бірінің сөзін екіншісі қайталайды. Қайсар да қажырлы алған бетінен Қаныш қайтпады, бір есіктен шығып екіншісіне қайта кірді, бүгін болған бюрократқа ертеңіне қайыра кірді, тозған табалдырықтар да аз болған жоқ, Өзіне өзі сенімді инженер-геолог айлар өтіп жатса да барған сайын қуаты артып жігерлене түсті, өзінің дұрыс жолда екеніне көзі жетті. Бұл Жезқазған мәселесіне Одактың Госпланның, Қазақстан АССР-ның Совнаркомын кірістіріп Жезқазған геологияның қаржы мәселесін біршама шешікен сияқты болды, бірақ бұрынғы қалыпта бар мүмкіншілікті пайдаланып геологияның жұмыс істеуіне болмайтын болды. Оған толық қанағаттанбай Қаныш Мәскеуден басқа қаржыландыру көздерін қарастыра бастады. Соңдай маңдай тірең барған мекеменің бірі Мәскеудің «Алтынбарлау» тресі болатын. Ол трест қаржы жағына бай болатын, алам деушілерге олар сенімді болса қаржы бере алатын еді, оның үстіне қай жерде болмасын алтын қазба байлығы болса болғаны. Қанекең олармен келісім шарт жасасып, бірнеше жұздеген мың қаржы алатын

жағдайға келді. Үшінші қаржы көзін көмір институтына барып қарастырды — оларға Қияқты көмір көзін тереңірек зерттеп тексеріп беруді ұсынған болатын. Қаныш елге келгеннен соң өзінің күнделікті жоспарлы жұмыстарымен қатар келісім шарттары бойынша ізденістер жүргізуге тиіс болды. Ол үшін бірнеше бұрғылау станоктары бөлінді. Бұл қосымша жұмыс та геологияның негізгі жұмысына өзінің кері әсерін тигізгені сөзсіз. Елге қайтарда Қанекең ол аз дегендей «Лакокрассырье» деген бір трестпен тағы келісім-шартқа отырды, оны Ұлытау аймағынан трестің іздең отырған краска материалдарының табылатынына көзі жетті. Оны күнбе-күн қазып жатқан рудадан-ақ алуға болатын. Елге қайтып бара жатып, «Құласаң нардан құла» дегендей, өзінің алған бағытының дұрыстығын, барлау жұмыстарының өте нәтижелі екенін Мәскеу алдында дәлелдемек болып, 1930 жылдың көктемінде ССРОның Мемлекеттік пландау комиссиясының төрағасы (Госпланның) академик Г. М. Кржижановскийдің қабылдауына барады да, геологиялық Жезқазғандары барлау жұмысын қысы-жазы жүргізу үшін жергілікті кадрларды дайындау, оларға жағдай туғызу мәселелерін көтереді, ол үшін оларға бұрғылау техникасын жеткізу керек екенін айтады. Қаныш Госпландағыларға Жезқазған жерінің ауа райының ерекшелігін, қыстағы қатты суықтарда станоктардың майы қатып пайдалануға келмейтінін айтады. Ол өз тәжірибесімен бөлісті. Бұрғылау станоктарының сыртынан қазақтың киіз үйін тігіп шамалап та болса қатты суықтан сақтау және оның ішіне от жағын техниканы, жұмыскер-геологтарды жылтып жұмыс істеу қабылеттерін жақсартады. Г. М. Кржижановскийден Қаныш алдына қойған мәселелері бойынша барлық жағынан қолдау тапты. Бұл кездесу Қанышты жігерлендіріп, қанатын қатайтты. Осы Фылым Академиясына кіре салайыншы деген ой келді. Онсы

да нәтижелі болды. «Жезқазғаның жалпы геологиялық құрамы» — деген ғылыми тақырыпты Сәтбаев зерттеп Ғылым Академиясына жеткізген, оның еңбекіне академия тиісті гонорарын бөлмекші. Осылай ұзақ сарапдан соң үш ай жолда жүріп сағынып-сарғайған Жезқазғанына оралды. Қарамағындағы жұмыс-керлерін жинап, тыңдырып келген шаруалары жөнінде есеп беріп «әкелген қаржыны жұмыс ыргағын қалыптастыруға жұмсаймыз» — деп келісті. Айлыққа қаржы жетпеді. Тек өндірістің құнделікті тұрмыс тіршілігіне: құрал-саймандарға, жанар-жағар майға, бұрғылау станоктарының жабдықтарына қаржы бөлінді. Семьялы жұмыскерлердің еңбек ақысына азық-түлік, ал салт бастылар геология асханасынан тегін тамақтанатын болып келісті. Бұл жағдайға келіспегендер, жұмысты тастап кетті, енді қажетті бұрғылау станоктарына жұмыс істеуге адам саны жетімсіздік білдірді. Бұл жағдайда әрбір адам екі-үш адамның нормасын орындағының болып келісті. Күніне 15-16 сағат бұрғылау станогінің басында болып, демалысы да көп жағдайда сол будканың ішінде болатын. Күндік, айлық, жылдық жоспарлар қандай бір қындық болмасын уақытында орындалып жатты.

Бір қындықтан соң екіншісі кезек күткендей дайын тұрды. Жақсылық, күткен 1934 жыл да туды. (Главцветмет) Бас түстіметалдар басқармасы өткен жылға 1% деңгейінде қаржыландырса, енді біржола тоқтатып, оны бөлмейтін болды. Жыл соңындағы, кейбір табыстарына жұмыскерлер ештеп айлықтарын да алған болатын. Қанышқа былтырғыдай сұрау сұрауға Мәскеуге тағы жүргуге тұра келді. «Түстіметалдар» басқармасынан ешқандай қаржылай көмек болмайтын болды. Былтырғыдай алтын, көмір институттарымен шартқа отырды. Эрине Жезқазған геологиясының жұмыс істеуіне бұл қаржы көздері жеткіліксіз еді. Мәскеуде өзінің бұрынғы ұстазы

М. А. Усов, мәскеулік профессор В. А. Ванюковты жолықтырып, олардың кеңесімен Ауыр өнеркәсіп министрі Серго Орджоникидземен кездесу қажет, солғана мәселе шешіп, Жезқазған проблемасы біржола тыянақты да нәтижелі шешіледі, — деп ақыл береді. — Оның саған қолдау көрсететіні де сөзсіз, — деп сүйемелдейді.

Ғалымдар өзара ақылдасып мәселені ССРО Фылым Академиясының алдына қойып, арнайы сессияда Жезқазған проблемасын талдау туралы да мәселе көтереді. Және бұл тақырыпқа байланысты беделді академиктер В. А. Обручев, А. Д. Архангельский, И. М. Губкинмен сөйлесіп оларды көндіруді өз міндеттеріне алады. Академияда Жезқазған мәселесі осылай қаралып тыңдалатын болып шешіледі. Ендігі жерде жаздың орта кезінде дайындық мәселесіне қызу кірісп-ақ, кетеді. Бүкіл орталық басылымдарда сессия алдында қөлемді-қөлемді мақалалар басып Жезқазғанды бүкіл Одаққа танымал ете бастайды. Барлау жұмысы да бұрынғыдан да қызу жүргізіледі, тексеру қөлемі ұлғайып мыспен қоса Жезқазғанда мырыш, қорғасын, күміс барлығын дәлелдейді. Көптен күткен Одақтың Фылым Академиясының сессиясы 1934 жылдың қараша айында өтті. Онда танымал болған 37 геологиялық және тау-кен үйымдары мен бірге дүниежүзілік даңқы бар ғалымдар қатысты. Күн тәртібінде үлкен Жезқазған мен Алтайдың өндірістік қуаты туралы мәселе қаралды. Жұздеген академик, профессор т. б. ғалымдар алдында ешбір ғылыми атағы жоқ Сәтбаев баяндама жасамақ. Залда отырғандар не Жезқазған деген атауды, не Сәтбаев атты баяндамашыны бұрын соңды естімеген. Аң-таң, 5 күн жүрген сессия жұмысында Қаныш Имантайұлы трибунаға бес рет көтерілді, әрбір сөйлегендеге тыңдаушылардың ойынан шығып отырды. Баяндама тақырыптары да сан алуан:

— Жезқазған мысты ауданының негізгі геологиялық металлогениялық ерекшелігі, мыстың құрамы мен қоры.

- Жезқазған ауданының көмір қоры.
 - Үлкен Жезқазғанның құрылымс материалдары.
 - Жезқазғандығы полиметалл кен орындары.
 - Ұлытау-Жезқазған аймағындағы алтын кендері.
- Баяндамалардың арқауы осы өңірдің қай бір жағынан болмасын өте бай екенін Ғылым Академиясының алдында дәлелдеу еді. Дәлелдеді. Қаныштан басқа да Қарсақбайдан бірнеше адам сессия жұмысына қатысты — И. А. Стригин, Қарсақбай зауытының бас инженері, байытушы инженер Жармағанбет Толенов, минералог — Т. А. Кошкина. Сессия қортындысы «Үлкен Жезқазған» деген кітап басылымымен қорытындыланды. Сәтбаев қойған мәселелердің бәрі бірдей ойдағыдай шешілетін болды.
- Су мәселесі: плотина салу.
 - Жарық — Жезқазған темір жолын салу.
 - Үлкен Жезқазған құрылымына кірісу.

Әрине Ғылым Академиясы ұсыныс жасап қостап қолдағанмен шешуші сөз Кеңес үкіметінен, оның ішінде ауыр өндірісті басқарып отырған Серго Орджоникидзе еді. Мәселенің мәнді де маңызды шешілгенін қатысушылардың бәрі бірдей мойындал, қандай бір сөз айтылмасын ауыздарында бірақ «Үлкен Жезқазған» — деген сессия қортындысы. Сол күннің кешінде Қазақстанның Мәскеудегі өкілділігінде ұлы ғалымдар қатысқан кеш өтті. Оны басқарып жүргізуші республика ғылыминың көш басшысы А. Д. Архангельский болып отырды. Орта кезінде сөз тілегі Қанышқа да ұсынылды. Барлығының айтқаны: «Үлкен Жезқазған үшін. Оның келешегі мән жарқын болашағы үшін!» — деген тілектер бірінен бірі жалғасып жатты. Қаныш арманы ақталып дұрыс бағытта ел байлығын ашып келе жатқандай сезініп, тыныстап көптен бері бір демалғандай болды. Көптеген қындықтар мен тайғақ, кешулер артта қалған сияқты.

Сол кеш аяғында «Правда» газетінің корреспонденті Д. Заславский Қанекеңнен алғаш интервью алып, Жезқазған мен Сәтбаевты елге әрі қарай таныта түсті. Осы мезгілден бастап Қанекеңнің өзі «Правда» сияқты беделді басылымға белгілі тілшінің бірі бола алды.

Жезқазған мен Қаныш тағдыры Ауыр өндіріс Наркомы Серго Орджоникидземен кездесуде шешілді. Бұл тарихи жағдай 1934 жылдың желтоқсан айының аяғында Сергоның кабинетінде өтті. Ол қабылдауға Қанекең көп және жанжақты дайындалды, қысылды, қиналды. Бірақ кездесу қортындысы ойдағыдай өтті. Қаныш Сергоны сендерді. Қаржы бөлінетін болды. Бұл жауапты да беделді кездесу көп мәселенің бетін «Улкен Жезқазғанның» тағдырын біржола шешті.

— Жолдас Сәтбаев, ешбір күмәніңіз болмасын. Біз Жезқазған мәселесін біржола қолға аламыз! — деп қорыттындылады өз қабылдауын Нарком.

20 наурыз 1936 жыл. Ауыр өндіріс Наркомы «Жезқазған мыс қорту комбинатын құру» жөніндегі үкімді қаулысына қол қояды. Бұл құжат Қанышты жігерлендіріп, қуаттандырады. Бұл дата Жезқазғанның туған күні болып танылды. Жезқазған жайнап гүлдеді, Қарсақбай ауданы да дами түсті. Қаныштың женісінде Фылым Академиясының таяудаған өткен сессиясының қортындысы мен қаулысының зор әсері болғаны сөзсіз. Қаңтар айының бас кезінде Серго Орджоникидзе Политбюроға Сталинның атына Жезқазғанды әрі дамыту жөнінде хат жолдаған және Нарком бұл жұмысқа осы күнге дейін қарсылық, кедергі көрсетіп келген Главцветметті өзімен бірге Жезқазғанда жақтай қолдаған алып жүрді. Көп кешікпей Улкен Жезқазған жөнінде үкімет қаулысы шықты, Жезқазғанды Қарағандымен байланыстыратын темір жол салу жұмысына да жедел кірісіп кетті. Қаныштың талай жылдар аспаннан аңсағаны, жерден табылды.

1935 жылы тұсаудан қолы босаған Қаныш енді барлау жұмыстарын одан әрі қарқындана түсті, жадыраған жазды геологияның барлау жұмысына толық пайдаланды. Олардың бері бірдей жан-жаққа тарап жоспарды зерттеп тексеру жұмысын кеңіте түсті. Ұлытау — Жезқазған аймағында олардың бармаған жері, баспаған тау-тастары қалмады. Өз жағдайларын ойлайтын уақыт жоқ. Қебіне геологтармен бірге Таися Алексеевна да барлау жұмысына өз үлесін қосты. Далада түнеп, таңның атысы, күннің батысы — күнге күйіп, даланың аңызақ, желіне шалдығып, төсегені тас болып көз ілектеріп жүрді. Қайнатып ішетіні күніне бір екі рет ыстық шай, басқа ыстық, тағамды айлап көрмейді. Елді мекенді жерде болса сонда ғана геологтар бір рахаттанып қалады. Бұл өнірде Қанышты білмейтіні жоқ. «Қош келдің» деп құшагын жайып қарсы алады. Барын алдына қойып дастарханға салып, қонағасысын беріп жатады. Барлары малын да жарқыратып сойып, қонағасысын береді. Бірақ, ұзак аялдауға уақыт көтермейді, геологтардың әрбір сағаты шектеулі. Принциптері: Күннің жарығын пайдаланып қалу. Аялдаған уақытта киіз үйдің іргесіндегі домбырага бірден көзі түседі, оның шек ырғағын келтіріп қоңыр жұмсақ, даусымен әнге де салып кететін. Оны естіген ауыл адамдары да жиналышп қалатын.

1937 жылы ақпан айында Ауыр өндіріс Наркомы Орджоникидзе қайтыс болады. Бұл қайғы Қанышқа да оңай тимеді. Серго өлімінің бір әсері тиетінін Қаныш бірден сезді, ақыры солай болып шықты. Осының алдында ғана үкімет қаулысына сәйкес барлау жұмысы 8-9 бағытта қызу жүріп жатқан болатын. Главкадан жедел хат алып «Қарсақбай геологиясының қаржысы жартылай жабылды» — деген. Ол жұмысты орта жолда бітірмей қалдырыды деген сөз. Сол 1933 жылғы жағдай қайтадан қайталап Мәскеуге сапар шегеді. Главкадан, бұрынғы Сергоның

министрлігінен ешбір көмек ала алмайды, олар қаржының жоқ, екенін түсіндіріп кейін қайтарады, құр елге оралмайын деген ниетпен Қанекең көмір, алтын институттарымен келісім шартқа отырып, ептеген тапқан қаржысымен елге оралады. Әрине мұндай тышқан тірлікте тапқан тиын-тебен геологияның кем кетігін жаба алмады. Ал туатын 1938 жылда аздаған қаржыландырудың өзінің жабылып қалу қаупі бар болатын. Көп ойланып-толғанып Қаныш Қазақстанның Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н. А. Скворцовқа, Ауыр өндіріс Одақтың Наркомы Л. М. Кагановичке хатпен шықты. Қаныштың Сергомен тұңғыш кездескен кабинетінде тағы бір кеңейтілген үлкен бас қосу жиыны болды. Жаңа министр үкімет қаулысына қол қойып, Жезқазғанды жаңа биіктікке көтеретіндей жағдай туғызды: тездетіп Жарық — Жезқазған теміржолын аяқтау, қала құрылышына көңіл бөлу, барлау жұмысын жан-жақты қызу жалғастыру т. б. Жезқазғанға байланысты күрделі мәселелер осы қаулыда өз шешуін тапты. 1939 жылғы түсті металлургиялық Одақ министрлігінде бір құжаттарда Қаныш еңбегі осы жылдарда өте жоғары бағаланып, ашқан мыс көзі 457 есе өскенін баяндайды. Қаныш дүшпандары сырттан ғана емес, іштен де табылып жатты. Оны аяғынан шалып, тапқанын жоққа шығарушылардың бірі 1938 жылғы Қарсақбай комбинатының директоры Стригин еді. Ол Ауыр өндіріс Наркомына геологияның табыстарын жоққа шығарып, Жезқазғанның қоры аз, болашағы жоқ деген жалған мағлұматтарды жазып Сәтбаевты қаралайды. Бұл материалды ауыр өндіріс Наркомы Л. М. Каганович жан-жақты тексеріп комиссиямен, оның құрамы Сәтбаев, Стригин қатысуымен Кагановичтың кабинетінде бас қосады. Қанекеңнің бұл қабинetteтте екінші рет наркоммен кездесуі еді. Ақ-қарасына жеткен комиссия қорытындысымен Лазарь Моисеевич ақырығы сөзінде:

— Қаныш Имантайұлы Жезқазған мәселесін ғылыми деңгейде шешті. Үлкен Жезқазған мәселесі осыдан төрт жыл бұрын біржола шешілген. Сіз Сәтбаев, жолдас алған бағытыныздан таймаңыз. Үлкен Жезқазған туралы қабылдаған үкімет қаулысы орындалады. Қаржы табылады, жан-жақты көмек көрсетеміз, жолың болсын геолог жолдас. Ал, комбинат директоры, сіздің тағдырыңызды кейінрек шешеміз. Қош болыңыздар, — деп шығарып салады.

Бір ай өткен соң үкімет қаулысы шығып Стригин орнынан босатылады.

Осы жылдары бүкіл елге Қаныш Имантайұлы тек инженер-геолог ретінде емес, сонымен бірге қарымды қоғам қайраткері, белгілі ғалым ретінде де таныла бастады. Қарсақбайдың қарапайым инженері 1938 жылдың өзінде ССРО ғылым Академиясының қазақ филиалының ғылыми кеңесінің мүшесі болып сайлануының өзі тегін емес еді.

Қазақ ССР-ының орнағанына 20 жыл толуына байланысты Мәскеуде осы тақырыпқа арналған ССРО ғылым академиясының мерекелік сессиясы өтпекші болды. Ондағы талқыланатын көп мәселелердің қатарында «Қазақстандағы жиырма жылдағы ғылым саласының дамуы» — деген тақырыпта бар болатын. Бір күні Қарсақбайға Алматыдан жедел хат келіп түсті, онда: «Сіз Мәскеудің ғылым Академиясында өтетін сессияға республиканың ғылыминың 20 жылдың жолы жөнінде баяндама жасаймыз» дедінген.

Жиында бірінші сез Қанекеңе беріледі.

— Мен сезімді Орталық Қазақстанның жер асты байлығы жөнінде және оны халық иғлігіне жұмсаудың тиімді жолдары жөнінде жалғастырмақтын, — деп бастады Қанекең трибунадан. Іулі тұрған карталардан, таблицалардан баяндамадағы дәлелді деректерді бірінен кейін бірін көрсетеп жатты. Зал тып-тыныш, барлығы бірдей ынта қойып тындауда.

— Жер көлемі жағынан менің Қазақстаным екінші орын, халқы жағынан бесінші орын. Оның бүгінгі алдың жатқан жеріне бүкіл Германия, Франция, Англия, Италия барлығы бірдей сыйып кетер еді. Баяндамашыға риза болып тыңдаپ отырған Русаков ішінен: «Көсіле тұс, Қаныш Имантайұлы, сенің қалған жердегі сөйлейтін орның осындаій биік трибуналар болмақ» деп қайталап отырды.

— Менің Қазақстанымның теміржолының өзі 1912 жылмен салыстырғанда 3,5 есе көбейді, бұрын бірде бір жоғарғы оқу орны болмаса олардың саны — 19-ға жетті. Халқым менің күннен күнге сауаттанып келеді. Бүгінде одан Менделеев элементтерінің бәрі бірдей табылып отыр. Оның ішінде Жезқазған бүгінде республиканың геологиялық орталығы болып отыр, — деп өзінің осы жылдары ашқан жаңалықтарын ортаға салды.

Баяндама аяқталғанда зал ду қол шапалақтап алдыңғы қатарда отырған оншақты академик қолын алды маңызды баяндама үшін құшақтап, құттықтап жатты. Сессия қорытындысы бойынша Қазақстанда геология институтын ашу жөнінде қаулы қабылдайды. Бірауыздан:

— Кім болар екен оның директоры, — деген сұраққа, — бір ауыздан Қаныштың атын атады. Бұл 1941 жылдың жаз айы, нағыз сұрапыл соғыстың алды болатын, сол кезде Қанышта ешбір ғылыми атақ, дәреже деген жоқ еді. Енді қарапайым Қарсақбайдың инженері ғылым кандидаты, ғылым докторлары деген атағы бар ғылыми ғалымдарды басқармақ. Соның алдында ғана Қанышты Алматыға шақырып тау-кен институтының мемлекеттік экзамен алатын комиссиясының (ГЭК) төрағасы етіп тағайындаған. Бұл да инженерге тапсырған зор атақ, дәреже болатын. Қаныш Имантайұлының астанаға жұмысқа ауысуы біржола шешпілген, геология институты мен бірге Қазақстандағы ғылым Академиясының

бөлімшесін де басқармақ. Өзінің басшысын шығарып салу үшін бүкіл геологтар бала-шағаларымен жиналып, Балажезді өзенінің бойында демалыс кешін үйымдастырып, жылап-сықтап қоштасты. Орнына В. И. Штифановты қалдырыды. Қоштасарда Қанекең бүкіл ұжымына, Жезқазғанға, Ұлытауға бірнеше ұлттың басын біріктіріп достастырып жақындастырган геологияға рахмет, — дегені де бар.

— Қай жерде болмасын мен сендермен әр уақытта біргемін, жүрегімді Жезқазғанда тастап кетіп барамын достар, — деп көзіне жас алды. Бұл 22 июнь 1941 жыл болатын!

КАДР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛДІ

1930 жылы Қарсақбайда кен-металлургия техникумы ашылатын болып, жылдың бас кезінде техникумның дайындық, бөлімі үйымдастырылды. 6-7 класс білімі бар 20 жұмысшы жас қабылданып сабак, басталады. Оны үйымдастырып жүрген Қанекең болатын. Жыл аяғында дайындық курсары аяқталып, оның барлығы бірдей техникумға түсті. Оқу орнының қасынан геология барлау бөлімі ашылып, оған техникумның дайындық, бөлімін тамамдағандар қабылданды. Бөлімнің негізгі мақсаты Жезқазғанға бұрғылау мастерлерін дайындау еді. Оның меңгерушісі А. П. Кобяков мектептің тәрбие жұмысын басқаратын. Геологтар бөліміне келіп:

— Сендер жақсы оқындар, басқалардан көрі оқуларың ерекше. Сендер техник боласындар, қамқорлық жасап жүрген комбинаттың бас геологі Қ. Сәтбаев. Оқу программалардың өзін сол кісі қадағалап отырады — деді тәрбиеші.

Бір күні оқушылардың сағына күткен Сәтбаев та сабак, өткізуге класқа келді. Эр сабақ, екі сағаттан өтетін. Қанекең геология пәнінің ерекшелігі, мақсаты, тәсілі жайында әңгімеледі. Бәрі бірдей үйип тыңдал отырды. Мұндай мазмұнды лекцияны оқушылар бұрын-соңды естіген жоқ еді. Айтқандары өте үғымды, терең мағыналы да мазмұнды, әр сөзі түсінікті тыңдаушылардың құлағына құйылды. Тыңдаушылардың кіріп келгенде көзге түскені, ұзын бойлы, кең кеуделі, алып иығы, жазық маңдайы, ақ дидары, қою қоңыр шашы, жарқын жүзі, тамаша жігіт сипаты. Оқушылар да үлкен сыншы фой. Сол алғашқы кездесудің өзінде көнілге түйгендері, асықпай сөйлейтіні, сөздері тайға таңба басқандай өте тартымды. Тыңдаушыларды үйитып әкетеді екен. Алдында конспекті деген жоқ. Оқушылардың талай қойған сауалдарына ойдағыдай жауап берді, қызық-қызық әңгімелер де айтып үлгерді. Лектор алғашқы кездесуде өзін тек инженер ғана емес жан-жақты дарын иесі екенін танытты. Әсіресе Жезқазған тарихын жақсы біледі екен. Сабақ арасында:

— Біздің мақсатымыз Жезқазғанды қайта ашу, оны Үлкен Жезқазғанға айналдыру — деді Қанекең сабақта отырып, әрбір сөзін салмақтап асықпай айтты, дауысы өте қонымды, құлаққа жағымды. Орынды пайдаланған халық мақалдары сөздеріне көркемдік қуат, күш беріп отырғандай сезінетін. «Қанекеңнің кейін әрбір аудиторияда өткен сабагы зор әсер беретін» — деп еске түсіреді ғалымның түлектері.

Оқы 1932 жылы аяқталып, оны бітіргендер Жезқазғанға жұмысқа жіберілді. Біразы геологиялық съемкаларға жіберілді, олар барлау топтарына кірді. Әдеттегідей жұмыс басталарда Қанекең әрбір топқа өзі келіп, жұмыстың бағыт-жобасын түсіндіріп, барлаудың барысын өз көзімен кіріп қызықтайдын. Осы Қарсақбай курстарын бітірген түлектерді бүгінгі

Жезді өзенінің бойындағы марганец кен орнын тексеріп анықтауға жіберді, Балбырауынды барлады. Ондағы мақсаты Қарсақбай, келешектегі Үлкен Жезқазған мыс зауыттарына флюстікке жарайтын темір және марганец рудасын табу болатын. Сол мақсатта Найзатас, Шайтантас таулары да тексерілді. Қанекең бұл жерлерден отқа төзімді, қорыту пештерінің ішін қаптайтын магнезит, доломит, минерал-асбест және темір рудаларын іздең тапты.

Тек жұмыстармен ғана шұғылданып қоймай, сол ақшатыр астында Қанекең өз бастауымен қызықты кештер де өткізетін. Барлаушыларға ол кісінің өзі әнде салып беретін. Жұмыскер жігіттердің арасынан да өнері бар жастарды тауып өлең айтқызатын, домбыра тартқызып қүй орындалатын, ара-арасында кешке жиналғандарға Қанекең қызық-қызық, тартымды әңгімелер де айтатын. Әсіресе түнгі жұлдыздардың бәрінің бірдей атауларын атап, оларға байланысты аңыздармен тыңдаушыларды қызықтыратын.

Қанекеңнің бір қасиеті осы өңірдегі тарихи ескерткіштердің, мазарлардың барлығын бірдей билетін, олардың атауларымен жақсы таныс еді, жергілікті қарттармен көп әңгімелесіп өлке тарихымен қанығатын. Оған қоса халық арасындағы өнерге де көңіл бөліп, зер қойып, өнерсүйгіш қауымды соңына да ертіп жүретін.

Қарсақбай тау-кен техникумы, ФЗО жастарының арасынан болашағы мол, оқуға деген қабілеті бар, келешегі зор жастарға да көңіл бөліп зер салып жүрді. Өзінің геология мектебіндегі болашақ, әріптестеріне:

— Естеріңізде болсын, орыс мамандары істі өте жетік біледі, сіздер олардан барлығын бірдей үйреніп қалыңыздар, ертелі-кеш олар кетеді, істің тетігі сіздерде қалады, — деп ақылын әрдайым айтып отыратын.

Қарсақбай ФЗО мектебінде көптеген минералдардың мұражайы да болатын. Онымен минералология мен кристалографиядан сабак беретін Таися Алексеевна таныстыратын. Ол кісі сабак өткізгенде сол минералдарды классқа алғып келіп, әрбіреуімен жеке-жеке таныстыратын, тағы бір сабак беретін үстаз И. Н. Богданчиков Сәтбаевтың шәкірті.

Оқушылар демалыс дегенді білмейтін, қыстың қарлы борандарында тар табанды темір жолдарды қардан тазалайтын, жазда геологиядан практикаға барады, оларға Қанекең келе қалса қоршап алғып сұрақтарын да жаудырып жататын.

Өмірхан Байқоңыров пен Абдірахман Тоқтыбаевты да осы жерден таңдалған алғып, Алматыда ашылған тау-кен институтына жіберген де осы Қанекең болатын. Осындай Қанекең ізбасарлары сан алуан, соның бірі Фазиз Омаров — Социалистік Еңбек Ері, тау-кен инженері, Өмірхан болса кейін академик ғылыми дәрежесіне ие болды, ашаршылықта тірі алғып қалған Абдірахманы инженер, өндіріс майталманы, Жезді қалашығының ірге тасын қалаушылардың бірегейі.

Жергілікті жастардан терең бүрғылау мамандарын дайындау үшін талантты жастарды Ресейге 5 айлық, курстарға жіберетін болды. Олар Оралда, Мәскеуде, Ленинградта оқып білім алды.

ҚАНЫШТЫҢ ҚАРСАҚБАЙДАҒЫ ҚОНЫСЫ

Қаныштың Қарсақбайға келгеніне де 2-3 жылдың шамасы болды, үйден ешбір хабар жоқ, бірақ үй алам деген үміті үзілген жоқ. Аздап та болса комбинат үй құрылышын жүргізіп жатыр. Қанекең жұмыс бабымен Мәскеуге жиі-жиі барып тұратын болған соң, үй алғанша Таися Алексеевна Томскіден Мәскеуге тұсті металдар бас басқармасына қарай жақындаған оларға коммуналдық үйден бір бөлме бөлген болатын. Екеуі оған да шукіршілік етті. 1929 жылы көптен күткен үміттері де ақталып жаңа құрылыштан комбинат Қанышқа үй бөледі. Енді Қанекең семьясының басын құрастырып біржола қарсақбайлықтар болудың қамына кірісті. Көшіріп алып келуге Мәскеуге аттанды. Таися Алексеевнаға Томскіні, астананы тастап кету оңайға түскен жоқ. Екеуі поезбен Қызылорда жеріне келіп жеткенде оларды күннің ыстығы мен аңызақ, желі қарсы алды, шанды боран да тынысын тарылтып барады. Таисяның да барған сайын үрейі ұшуда.

Әйелінің көңіл күйін сезген Қаныш:

— Таися, сен әлі қазақтың қең даласына жете қойған жоқсың, шын даланы ертең Қарсақбай жолында көресің, — деп еді күліп. Жосалы станциясына жеткен жерде жас геолог.

Қарсақбайға келіп өздеріне бөлінгей үйіне кіріп орналасып қызықтаған соң Таисяның шәршаганы да басылып, үй-жәйінің шаруашылығына қызу кіріспақ, кетті. Ерлі-зайыпты Сәтбаевтардың бас қосып бірге тұрган Қарсақбайдары қыын да қызық, өмірлері басталып та кетті. Не көрсе де Екеуі бірге көретін болып, қызық пен қуанышты, қайғы мен қасіретті бөлісті. Әлемге Қаныштың атын әйгілі еткен

қарсақбайлық тұрмысы осылай басталған.

Қуаныш қуанышқа жалғасып, Сәтбаевтардың саны да көбейіп, қолдарына Таися Алексеевнаның анасы Фелисата Васильевна, Қаныштың бірінші көрген қызығы Ханиса қолдарына келеді. Таися мен Қаныш барлау партияларын аралап жүргендеге аналары үйге ие болып қыздары Ханисаға қарайды, мектептегі оқуына көмектеседі, келімді кетімді, кісілерін күтіп алды, шығарып салады. Сол жылдың аяғында қуаныштары қуанышқа жалғасып Таися дүниеге тұңғыш ұлын тауып Қанекең сыйлады. Нәрестенің атын да өзі қойып Қанекең оны «Арыслан» деп ат қояды. Бірақ, қуаныштары ұзаққа созылмады, бірнеше айдан соң жас нәресте балалар індетінен қаза болды (баспа ауруынан). Қарсақбай бейтінде жерленген. Ұлының қазасына Қанекең қатты қайғырды. Бастан өткізген Қарсақбай қыншылығы мен қыспағы аз болған жоқ. Ауыз судың өзі тапшы еді. Қыста қар суын ертіп қолданса, жазда ішетіні өзеннің ащы суы. Қарсақбайда жұмыскерлер арасында шек індеті мен сары ауру. Тамақ та жетісе қоймайды. Наубайхана жоқ, нанның өзін сонау Атбасардан тасып жейтін, оны жеткізгенше наң тас болып қатып та қалады. Бақша, жеміс деген жоқтың қасы. Көшіп келген жылы әйелі Таися цынға ауруымен ауырады. Таңертең тұрғанда Таися Алексеевна «тұні бойы менің түсіме жеміс-жидек кіріп шықты» — деп айттып отыратын.

Қыстың қаһарлы суықтарында қыста үй жылдатынын, ас пісіретін отынның өзі жоқ болды. Қанекең қыстың көзі қырауда қалың қардың астынан тамызық отын ізденген күндері де аз болған жоқ. Боран шашында азық-түлік Атбасардан, Жосалыдан келе алмай қалса, тұрғындар талай ашығып та жататын күндері де болатын.

Бір естелігінде Таися Алексеевна: «Азаптың бәріне бірдей шыдауға болар еді, Томскі мен Мәскеудің

климатынан кейін Жезқазған жерінің 45° ыстығы мен сондай сұыққа төзу шын тозақпен бірдей еді. Күйдіретін ыстық аңызак, желі мен үсітетін қыстың ысқырық, желі жұмыс істемек түгіл бізді емін-еркін далаға да шығармайтын» — деп жазған екен Қарсақбай күндерін еске ала отырып. Отын жоқтықтан үйлері жылынбайтын, қыстың қарлы қаһарлы борандарынан үйдің төбесіне дейін боран жауып есікті де бітейтін, тек түске қарай көршілері қарын күреп қар құрсауынан шығаратын күндері де қыста аз болмайтын. Үйдің сұығынан балалары да ауруға шалдықты.

Осындай қолайсыз, сұық үйдің ішінде 1931 жылы Қанекеңнің Мейізі дүниеге келді. Бүгінде ол әке жолын қуған ірі ғалым-геолог, өзінің кіндік қаны тамған Қарсақбайы мен Жезқазған жеріне жыл сайын келіп тұрады. Өзінің терең теңіздей білімімен бүгінгі корпорация «Қазақмыстың» дамуына Қанекең салған сара жолмен үзбей жүріп келеді. Одан кейін жыл салып Шамсиябану да туып үйелмелі-сүйелмелі Қаныш қыздары өсіп-өніп оқуға баратын кезі де келді. Ол жылдары Қарсақбайда аралас класстарымен бірақ мектеп болатын. Олардың бәрі бірдей орыс класстарында, ал Ханиса болса жоғарғы класстарда оқыды. Біз Қарсақбайдың «қара домалақ балалары» оларға қызығып қарайтынбыз, мерекелерде Ханисаны трибуналдан да көретін едік. Семьяны Алматыға көшкенде Ханиса барып Қазақтың Мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, үздік белгімен бітіріп бүгінде еліміздегі адам физиологияның белгілі ғалымы, ғылым докторы. Мен ол кісімен жерлес ретінде 1948 жылы лекцияның арасындағы бір үзілісте барып танысып, сол апаптың інілі қарым-қатынастырымыз осың күнге дейін жалғасып келеді. Ханиса апайды есңғы рет Қанекең Жезқазғанда ескерткіш ашылғанда көріп дидарластым, ұзак, сөйлестік. Апай ұлы Нұрланды

тәнистырып әкеліп; — мынау дәрігер ағаң, Жезқазғанда атаң жөнінде жазып жүрген осы кісі, есіце сақта, ұмытпа, — деп аналық парызымен. Алматыдағы Сәтбаев мұражайының директорына ақыл кеңесін де айтып жатты.

Қарсақбайда өткізген 15 жылдының ішінде Қанекен жүртқа ұқсан демалыс дегенді алыш көрген жоқ болатын, тек Таися Алексеевнаның ақылымен ғана, жұмыстағы жағдайды жөндегесін Кавказға, Қырымға барып демалыш, тұңғыш рет курорт дегеннің дәмін татады, кейін Алматы жанындағы Ақсай демалыс үйінде жалғастырады. Сонда ғана ерлі-зайыпты Сәтбаевтар өздерінің Қарсақбайда шаршағанын сезінген еken.

Егер екеуінің шамалы да бос уақыты болса балаларымен ойнайтын, шана, шаңғы тебетін, көлге барып балық аулайтын, демалатын. Мәскеуге жол сапарымен барса артынып-тартынып алыш келетіні — балаларына үйіп-төгіп ойыншықтарды әкеледі еken. Мейіз Қанышқызы Қарсақбайда туып, балалық шағы да осы жерде өтті, екі класты орыс мектебінде оқып білім алды. Өзінің естеліктерінің бірінде ол: «Мен үшін Қарсақбайдай мекен-жай дүниеде жоқ шығар, маған ете асыл да қымбат жер» деп жазады. — Менің болашақта геолог мамандығын алуыма да Қарсақбай себепкер. Біз тұрған үйдің екінші басы комбинаттың геологиясының kontоры. Мамам да, папам да сол жерде жұмыс істейді, олардың жұмыстарын қызықтаап конторларынан менде шықпаймын. Минерал тастар бірінен кейін бірі қызықтыра түседі. Мектепке бармай тұрып-ақ, мені осындаі арман аялады.

Ешбір жермен байланысы, қарым-қатынасы жоқ жерде 1931 жылы мен дүниеге келіппін. Сол жердегі Қарсақбай халықтарының бәрін бірдей «данышпан, Аданарой» — дер едім, қандай олар бір-бірімен тату-төтті, мейірімді де қамқоршы. Мен тұған қалашық,

шөл даладағы Ауыр өндірістің астанасы, аудан орталығы зауыт түтіні бүкіл арқаға тарап жайылса, гудогінің дауысы да алыстан естіледі. Бүкіл республиканы Қарсақбай өзіне қаратып шақырып тұргандай болатын. Менің есімде Абай атындағы опера және балет театры да Қарсақбайға келіп гастролдік сапарымен концерт қойғаны. Папам мен мамам екеуі бірдей жұмыста болған соң, көбіне олар барлау экспедициясына бірнеше күнге сапар шегіп кетеді. Сондықтан алғашқы күннен бастап менің тәрбиемді нағашы әжем Фелисата Васильевна міндетіне алды. Қарсақбайдары үйімізде Ханиса мен менен басқа Кемел деген папамның ағасының баласы да тәрбиеленді, ол кейін еліміздегі танымал археолог болып алтын адамды тауып, елдің көркі етіп сыйра тартты. Ханиса апам болса 1939 жылы Қарсақбайдары орта мектепті тамамдап дәрігерлік мамандықты таңдап еш кедергісіз оқуға түсті Алматыға. Бұл жағдай сол кездегі Қарсақбай мектебіндегі білімнің ете жоғарғы деңгейде екенінің дәлелі. Менің алғашқы мұғалімім Мария Васильевна Сазонтова болды, осы күнге дейін оның білімділігі мен тамаша ұстаз екені бүгінгідей есімде. Ашаршылық, нәубетін Қарсақбай да, бастан кешті. Сол жылы папам Баянауылға барып аштықтан өлген ағайын туыстарының жетім қалып жүдеп жадаған, ашыққан жетім балаларын алыш келіп, күтіп бағып, киіндеріп күзде еліне апарып таставды. Оларға мамаммен бірге әжемнің де көп еңбегі сінді. Біздің Қарсақбайдары мектепте үнемі көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істеді, ондай үйірмелер клубта да болып, ерлі-зайыпты Полшаковтардың еңбегі сінді. Чехов, Шекспирдің қойылымдарын көріп тамашалайтын едік. Балалық шақтағы қызық жағдайлар әрдайым, есте қалады ғой. Жаңа жылға елка қою деген бізде мүмкін емес болатын, Ұлытаудан арша әкелуге тиым салынатын. Бірде папам елканы Мәскеуден қапқа тігіп бізге жіберілті, ұшақ, қона

алмай, алдын-ала хабарлап, төмендеп келіп қала устінен елканы тастапты. Сол бір елка бүкіл Қарсақбайға жетті, ойыншықтарын өзіміз істеп, бір үйден екінші үйге көтіріп апарып бүкіл Қарсақбай болып Жаңа жылды қарсы алғанбыз.

Бір жылы демалысында Крымға бара жатып папам мен мамам мені де өздерімен бірге алып жүрді. Крымды тамашалап жүріп бір күні папам:

— Мейізжан, қай жер жақсы? Қырым ба, Қарсақбай ма? — деген сұрағына ойланбай-ақ:

— Эрине, Қарсақбай! — дегенім әлі есімде. Жазғы демалыстарда Ұлытауға бүкіл отбасы болып тынығатынбыз. Сол кезде демалыс үйі мен балаларға арналып салынған пионер лагері болатын, солардың жанынан папама арнап арнайы кигіз үй де тігілетін. Онда біз демаламыз, папам сызыын сыйып, жазуын жазатын.

Осы жағдайлардың бәрі мені бала күнімнен геолог болуға дайындағы, — деп Мейіз Қанышқызы Қарсақбайдары балалық шағын еске түсіреді.

ҚАНЫШТЫҢ ҚАРСАҚБАЙДА ЖАЗҒАНДАРЫ

Қаныш ғылымының ірге тасы Қарсақбайда қаланып, ғылыми еңбектерінің көбі осында жазылды, өсіресе геологиядагы курделі-күрделі деген 45 ғылыми еңбегі. Өзінің аса дарындылығын дара жүріп Сарыарқаның шөл даласында-ақ, көрсете алды.

«Қаныш өз өнерінің ұлы ақыны еді, оның жазған жырларының зор эпопеясы — алып Жезқазған, оның байлығы» — деп халық ақыны Әбілда Тәжібаев жазған екен.

1932 жылы ғалымның «Жезқазған мыс рудалы ауданы» — деген кітабы шығады. 1940 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінде «республикамыз мыс, қорғасын, мырыш, никель қоры жағынан Одақта бірінші орын алады. Әсіреле Жезқазған маңы кенге өте бай, ол түсті металл қоймасы» — деп жазуы да тегін емес еді. «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген кітабы баспадан шығып, сол кездегі Жезқазғанның өсу-өркендеу деңгейі сөз болады.

«Қарсақбай өнірінің болашағы» — деген мақаласы оның осы тақырыптағы публистика тілімен жазылған геологтың жүрек сырьы болатын «Жезқазған мыс кендері» деген кітабына Мемлекеттік сыйлық, та берілді.

Қарсақбайда жазылған ғылыми еңбектерінің арқасында 1943 жылы Қаныш Імантайұлы ССРО Фылым Академиясының мүше корреспонденті деген ғылыми дәреже алып, 1946 ж. оның толық мүшесі болып сайланады. Сол жылы Республикамызда ашылған Фылым Академиясының Тұнғыш президенті де қарсақбайлық геолог Сәтбаев Қаныш Имантайұлы сайлануы да тегін жағдай емес.

«Жезқазған ауданының минералдық ресурстары» деген тақырыпта Цветмедиздаттан бірінші кітабы басылып шығады. Онда автор өлкенің кен байлығын сөз етеді. Өлкеде Менделеев таблицасының барлық бірдей элементтерінің бар екенін дәлелдейді. Оны Бүкілодақтық қор комиссиясынан өткізіп, ғылыми деңгейде дәлелдейді де Қанекең Одақ үкіметі алдында «Ұлken Жезқазған» проблемаларын түбөгейлі шешу үшін іске асырылатын шараларды қояды:

1) Жезқазғанды Қарағандымен теміржол арқылы байланыстыру. Жарық — Жезқазған жол торабын салу;

2) Жезқазған кен-металлургия-комбинатын салу мәселесін үкімет деңгейінде бірінші кезеңде шешу;

3) Ауқымын кеңейтіп Ұлытāу — Жезқазған

ауданында геологиялық барлау жұмыстарын жаңдандыру;

4) Аймакта Қара металлургия, марганец. салаларын дамыту.

5) Үлкен Жезқазған мәселесін түбегейлі шешу үшін оған су проблемасын қолға алу, плотина бөгеу.

Қарсақбайда жазған жаңалықтарын талдап отырып таң қаласың — Қанекең соның бәріне уақыт қалай тапты екен, қай жерде жүріп жазды екен, — деген ой келеді. Және ол кісі екі бірдей тілде жазды. Тақырыптары геологиядан бастап әр жақты: археология, этнография, искусство, медицина, халық ағарту тақырбы, ескерткіштер т.б. Олардың бәрі бірдей ғылыми негізде жазылған, мақалаларының құндылығы осы күнге дейін мәнін жоғалтпай келеді. Соның кейбіреуі:

— Жезқазған темір жолын тез салу керек. Соц. Қазақстан, 16.VI-1935 ж.

— Жезқазған. Соц. Қазақстан. 4.X-1935 ж.

— Ұлытау аймағы. Соц. Қазақстан 9.X-1935 ж.

— Қарсақбай комбинаты — үлттық негізгі ордасы. Соц. Қазақстан. 5.VI-1935 ж.

— Үлкен Жезқазған. Оңтүстік Қазақстан. 26.VI-1936 ж.

— Үлкен Жезқазғанның болашағы. Лениншіл жас, 10.VIII-1936 ж.

— Октябрьдың XX жылдығы және Жезқазған ауданының тау-кен байлығы. Қызыл кенші. 7.XI-1937 ж.

— Үлкен Жезқазған комбинаты. Соц. Қазақстан 9.I-1938 ж.

— Жезқазған байлықтарын меңгеру міндеттері. Соц. Қазақстан. 6.III-1940 ж.

— Қияқты көмір бассейні 22.IX-1940 ж. Соц. Қазақстан.

— Жезқазған барлаушылары. 23.IV-1941 ж. Соц. Қазақстан.

- Жезқазған ауданындағы мыс кендері. 4.VIII-1927. Еңбекші қазақ газет.
- Қарсақбай ауданының күйі. Жаңа мектеп, 1927 ж.
- Қарсақбай ауданының келешегі. Жаңа мектеп, 1927 ж.
- Қазақстан тұсті металдар қоймасы. Соц.Қазақстан. 6 қараша, 1940 ж.

1932 жылы Сәтбаевтың «Жезқазғанның мыс кен ауданының минералдық ресурстары» деген тұңғыш еңбектерінің бірі жарияланады. Онда «Ұлкен Жезқазған» деген ұранмен оның байлығын игеру жолдарын, құрлысын қолға алу жөнінде мәселе көтеріліп, оның шешу жолдарын да автор белгілейді. Қанекеңнің аудандық «Қызыл кенші», «За медь», «Советтік Қараганды», Республикалық екі тілді газеттерде, «Правда» газетінде мақалаларын жиі-жші жазып енбекімен елге танымал бола бастайды.

1934 жылғы Жезқазғанға арналған сессиядан кейін «Правда» газетінде елге танымал академик Д.Заславский өзінің «Тұстіметалл аймағы» деген көлемді мақаласын жариялады. Ол мақаланы Қаныш пен Жезқазғаннан болашағына арнап, зор қолдау білдереді, Сәтбаевты академик бүкіл елге танымал етеді. Халық аузындағы фольклорды жазып тексеріп зерттейді. Тұңғыш қазақ тіліндегі алгебраның авторы. Алгебра оқулығы қазақ балаларының оқулығы ретінде шығарылды. Математикалық терминдерді ана тіліне аударды. Бұл оқулық 1600 бет, оны жазуды Семейде сот болып істеп жүргенде бастап, Томскіде оқып жүргенде аяқтады. Бұл оқулықтың мәні осы күнге дейін зор. Едіге эпосына алғысөз жазып ұмытылмайтын таяқ жеген де Қанекен. Ұлытаудың бір сілемі Едіге тауы деп аталады. Таудың басында Едіге обасы орналасқан. Халық арасындағы «Едігенің майлы жұрты» деп аталуының өзі осы жерден

басталады, өзін «ел билеген Едіге» деп қасиет тұтқан. Кейбір деректерде Едігенің мекеніде осы жерде болған дейді. Халқы Едігені батыр деп санап, әулие тұтып, басына апарып құрбандық та шалған. Демек, Едігеге арналған аңыздар да жетерлік, солардың барлығы бірдей бірнеше ғасыр бойы Едіге ел аузында аңыз болып айтылып үрпақтан үрпаққа жетіп келді. Сәтбаевтың Едіге жыры туралы ғылыми тұжырымы мен салихалы ойлары оның өзі бастырган кітапқа жазған алғы сезінде шоғырланған. Оның қазақша нұсқасы Баянауылда Көпей деген ақсақалдың аузынан жазып алынған жырда Едіге батыр, батыл және шешен болып көрестілген. Ол қараторы, орта бойлы, дембелше, кең иықты, ер кейілті, айбарлы жан болып көрсетілген. Едіге өзінің тірі кезінде-ақ, аңызға айналған көрінеді.

Қ.Сәтбаев Едігені тарихи филологиялық тұрғыдан, талдау үлкен еңбек сінірді.

Қаныштың «Ер Едігесі» 1927 жылы Мәскеуде кітап болып басылып шыққан. Едіге 1340 жылы туып 1412 жылы өлген деген онда. «Казправда» газетіндегі 1934 жылы жан даусы естілетіндей мақалаларды басып тағы да бір танылып қалды. Олар: «Пора знать Жезказган», «Построим большой Жезказган», «Еще о страшной позиции главцветмета» деген тақырыптағы өткір мақалалары.

Сонымен, Жезқазған жөнінде Қарсақбайда жүріп жазған еңбектерінің саны — 46.

1940 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Қанекең «Жезқазған маңы кенге бай, ол түсті металл Қоймасы» деп жазды «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген кітабы баспадан шығып, сол кездегі Жезқазғанның өсу, өркендеу деңгейі сез болады.

«Жезқазғанның кені зерттелуде», «Жезқазғанға жол», «Қарсақбай комбинатына 10 жыл», «Ұлкен Жезқазғанды құру алдында», «Ұлытау аймағы»,

«Көне Жезқазған», 1940 жылы 19 желтоқсанда «Правда» газетінде «Жезқазған» атты тарихи мақаласын жариялады.

Қанекең өмір бойы Жезқазғанды жазды, қандаи бір трибуна болмасын оны тілге тиек етті.

Қарсақбайда жүріп А.М.Панкратова мен хат жазысып Қазақстанның тарихын дұрыстап дәлелдеп жазғанды өтінген болатын. Ол өтініші тек 1943 жылығана іске асты.

ҚАРАПАЙЫМ ҚАМҚОРШЫ ҚАНЫШ

Қанекең өте қарапайым, кішіпейіл, мінезі жайдары, аққөңіл, адам сыйлағыш, бауырмал, бірінші кездесіп сөйлескенде өзіне баурап алатын, алғыр ойлы, қолынан келген көмегін аямайтын, бірақ жұмыс бабында өте қатал адам болса керек. Білімі, парасаты, мейірімділігі де мол.

Қаныштың жұмыс орнына қабылдауға келген бір ақсақал шаруасын ойдағыдай тындырып геологтың кабинетінен шығып бара жатып:

— Қаныш, қарағым, мына тоның жақсы екен, шамасы жылы шығар, мағанда шақ келіп қалар деген екен. Қанекең көп ойланбай-ақ орнынан тұрып ілуі тұрған қара тонын, бұрын-соңды білмейтін, танымайтын адамға кигізіп жібереді. Үйіне телефон соғып Таисия Алексеевнадан күпәйкесін алдырып, бірер ай сұықта күпәйкемен тоңып жүреді.

Қанекеңнің геологиясына практика өтуге келген В.И.Штифановқа, С.Сейфуллинге, қаржы тапшылығына қарамай, үстеріне киетін «сендер студентсіндер ғой» деп киім де-сатып алып береді, олардың диплом жұмыстарына да өз шаруасында жан жақты көмектеседі.

Бірге өсken замандастарының айтуынша Қаныштың қабылдауында болған адамдардың жасы мен ұлтына қарамай риза болмай шығуы кемде-кем еken. Келгендерді ынта қойып тыңдайды, қолынан келгенише көмегін аямайды еken.

Әсіресе мұндай көмекті Қаныш Қарсақбайдағы 1932 жылдың ашаршылығында көп даналықпен ұлылықтың үлгісін көрсете алды. Қазақ даласын жайлаған аштық жүргүте жарап бойында әлде де болса аздаған қүш қуаты бар жандар Карсақбайға келіп шоғырлана бастады. Қарсақбай солардың бәрін бірдей тірі алып қалған өмірдің көзі, тіршілік тірегі болған киелі мекенге айналды. Қанша дегенмен өндірістің аты өндіріс, үкімет осы Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғыш қанат жайған қарлығашы болғасын барын аямады. Асхана мен наубайхананың қалдықтарының өзі қөптеген жетім-жесір жастарды қауіп-қатерден алып қалды. Келгендердің көбін Қарсақбай зауыты қолтығына қысып қамқорлық жасап жұмысқа орналастырды. Сол жылғы аман қалғандардың көбі байыргы жұмысшы тобы болып қалыптасып, кейін танымал металлургия саласының майталмандары бола алды, ал Қаныштың геологиялық барлау бөлімі шамасы келіп жүріп-тұра алатындардың бәрін бірдей жұмыспен қамтамасыз етеді, тек ашаршылық жылы Қаныш барлау партияларындағы жұмыскерлер саны мыңдан асты. Бұл ашаршылықтан аман қалған алаш азаматтары ғана.

Қаныш қандай мейірімді, қайырымды, парасатты жан болды десеңші. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» дегендейін, Медеу Сәрсекеевтің кітаптарында мынандай бір жағдай жан жақты жазылады, мен бұл әңгімені аймағымызға танымал болып қалған Әбдірахман Тоқтыбаевтың аузынан естіген болатынмын.

Ашаршылықтың қаһарланып тұрган кезі болатын. Ешкімге еш белгі бермей жүк мәшинесімен ешбір

дайындықсыз жол сапарына жүріп ақ кетеді Қанекен. Әдетте ол кісі баратын бағытын, жүретін жолын, атқаратын жұмысын әйеліне, жұмыс орнына айтып кететін. Уақыт созылған сайын үй-іші, жұмыстағы әріптестері абыржып, ойлап, мазасыздана бастайды. Қорқыныш пен үрей де күшійеді. Жапан даладағы аштықтан қырылып жатқан жандар. Ойға әр түрлі арам ойлар да кіреді. Тек сегізінші күнге қараған түнде біреу есікті қағып әкетіп барады. Сұраса үй иесі — Қаныш. Жадаған, жұдеген, ашыққан, шөлдеген, сол күндердің біреуінде үйқысы қанбаған, бір қарағанда Қаныш ауыр халде. Есік ашқан әйеліне:

— Тася, Сіздің маған аналық көмегіңіз керек, мынау менің алыш келген оншақты отандастарым, олардың ата-аналарын аман сау алыш қала алмадым, осыларды аштықтан, ауру-сырқауынан аман алыш қалу менің олардың алдындағы азаматтық борышым, — дегенде бұл сөзден әйелінің үрейі ұшып, даусын көтеріп Қанышқа қарсы сөйлегенін естіген енесі үйқысынан оянып далага жүгіріп шығып:

— Қызым, сен қалай мейірімсіз жан бола қалдың сендердің бәрінді бірдей әкелерің өлгенде қалай өсіріп бағып жеткізіп едім, адам қылдым, қолдарыңды ауыздарыңа жеткіздім. — Кәне, Қанышжан, балаларды мәшинеден түсір, ал сен Тася су жылыт, от жақ балаларды шомылдырып жуындыратын, — деп қызына бұйырып, зекіп те алды.

Міне, Қанекеңнің қамқорлығымен, Фелицата Васильевна мен Таися Алексеевна осы оншақты балаларды асырап — бағып, тәрбиелеп оқытып Отанының зиялы азаматтары қылды. Олардың арасынан қоғам қайраткері, ғалымдар әр саладағы маман иелері шықты. Сөйтіп бір күнде Қарсақбайдағы Сәтбаев отбасы көп балалы жануя болды да қалды. Олардың қолында бірінші әйелінен туған Ханиса мен екіге толып қалған Мейізі бар болатын. Үйлері у-шу, ығы-жығы, бос уақытында

Қанышқа ермек, олармен неше түрлі ойындарды үйимдастырып олардың көңілін көтереді. Бұрынғыдай емес балаларға бауыр басып Таися Алексеевна да үйреніп қалды, оларға деген ана мейірімділігі күнбе күн үдей түсті. Негізгі жұмыстарының беті бері қараганнан соң Қанекең аймақтың ертеңгісін де ойлас жүрді. Оның арманы шөл даланы көгалдандырып өлкеге жасыл желең жамылдыру еді, Алматымен келісіп Кеңгір өзенінің бойында «Ботаникалық бақ» ашып болашақ қала жанына жас ағаштарды отырғызып көгалдандыра бастады. 1929 ж. Зуб деген азамат Қарсақбай көлінің жанында Қарсақбай бағының негізін қалады. 75 жыл бойы сол бақ көк желең жамылыш қарсақбайлыштар демалатын иғі орынға айналды, бірер жылдан соң осындағы бақ Рудникте де бой көтерді. Қанекеңнің бастауымен салынған шөл даланың бақтары шөл далага көк желең, жасыл жапырақ жайып сән беріп түр.

1940 ж. Қаныштың үйимдастыруымен Рудник поселкесінде геологиялық мұражай ашып, оған геолог Валукинскийдің атын берген болатын, бүгінде ол Қазақмыс корпорациясының қарамағында.

Қанекең аймақтың қандай хал ақуалы, тұрмысы, жаңалығы, қол жеткен табысы болмасын соған атсалысты.

1931 жылдың 7 қарашасында аудандық газеттер «Қызыл кенші» (редакторы Эбілда Тәжібаев), «За медь» (редактор Федор Головин) тұнғыш сандары басылып шыққанда осы қуанышқа ортақ болып редакцияларға Қанекең келіп бұл аудан өміріндегі тамаша жақсылыққа балаша қуаныш:

— Алғаш қадамдарыңыз құтты болсын қос редактор, еңбектеріңізге табыс тілеймін, — деп Қуанышқа ортақ болғаны да ерекше жағдай болатын.

Қанекең мен қазақтың аты әйгілі «Халық, ақыны болған Эбілда Тәжібаев пен де жақын танысусы осы

Қарсақбайдан басталып Алматыда жалғасты. Қанекең арнап талай поэма очерктер жазды. Ақын мен геологтың көбіне кездесетін орны Арқа даласында тігілген геолог шатырлары болатын. Оны Әбілда тілімен айтса Қанекеңді төмөндегідей сипаттайты: «Қанекең мол қеуделі, биік еңселі, ашық жүзді мейірімді өсем жан болатын. Асықпай сөйлейтін, сөздері құнды, алтыннан құйған асықтай, сыйлас адамның еркелеген назындағы құлаққа құйылатын».

Сарыарқаның кең даласы, бай дала екенін Қаныш ағамен сөйлесіп тілдескеннен кейін ғана түсініп білдім» — деп жазды Әбілда өз естеліктерінде.

Бірге жүрген құндерінде Қанекең Әбілдаға ерте заманда қорытылып алынған мыс көздерін көрсетті, жердің астындағы кен байлықтарын, жер астында жатқан суларды, өлкенің болашағын, алып қалалардың болатынын болжады. Айтқандарының бәрі бірдей іске асты. Біз бүгінде сол Қаныш болжаған қалаларда тұрып жатырмыз.

Қарсақбайға келген жылдардың өзінде үлкен Жезқазғанның зор болашағын ғылыми негізде болжап бір еңбегінде: «Жезқазған Сарыарқаның ең ірі өндіріс ошагы бола алады, ал Қарсақбай болса оның тек қана сара жолының алғашқы бастамасы болып қала бермек» — деп жазған еді.

Қарсақбай Қанышты деген арманына жеткізді. Академик Сәтбаев Жезқазғанды Отанына тарту етті. Өмірінің соңына дейін оның жүрегі Жезқазған деп соқты, үзбей келіп жүрді, мысты өңірдің қамқоршысы бола білді.

Қаныш Жезқазғанға келгенде геологтардың басын қоспай, не шахтаға түспей кетпейді екен, және оны дағдыға айналдырыпты.

Бірде Таися Алексеевнадан әріптестері: «Сіздің жолдасыңыз айлықты қөп алатын шығар?» — деген сұраққа, — алатыны алады, бірақ келген қарттар мен жағдайын айтып келген студенттерге таратып береді, — деген екен.

ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ СУ КӨЗІ

Мәскеудің «Водоканал Проект» институтын академик Веденеев 1931 жылдан бастап Қеңгір өзенінің бойында су көздерін қарастырып, зерттеу, тексеру мәселелері қолға алынды. Жанай жер су қорлары да ашыла бастады. Осы жылдардан бастап болашақ үлкен Жезқазғанды дамытып көркейтуді Қанекең көз алдына елестетіп жобаларын жасай бастады.

1936 жылы Бекболат ауылына келгенде Қанекең ауыл ақсақалдарына: мына Досмұрза бейтінің жоғарғы жағынан Қеңгір өзені бөгеліп айдын шалқар көл болады, көлдің ұзындығы 26-30 шақырым, терендердегі 20 метр» — депті.

Мұндай ертегі сияқты әңгімеге тыңдал отырған ауыл адамдарын сендіру қыындау болды. Сенбеді. Бірақ Қанышқа деген сенім молырақ еді, ол жеңді. Арқадағы ауыл тұрғындары Қанекеңе құдайдай сенетін. Осыдан 70 жыл бұрын Қаныштың дуалы аузынан шыққан сез орнын тапты. Оның қажырлы еңбегі мен, ғалымның кең даладай даналығы, өзінің гидрогеология мен гидротехниканы да жете білетінін дәлелдеді. Ресейден келген су мамандарына болашақ, көлдің орнын көрсетіп, өз ойын іске асырды.

Бұл 1934 жыл болатын. 1940 жылы плотина жұмысы қызу қолға алынды. Сол жылғы кеңгір өзенімен келген барлық бірдей қар суын плотина көле ұстап қалды. Сол жылғы Қеңгір бойындағы тұрғындардың ерлігін айтып жеткізу қыын еді. Қеңгір көпір тоғаны бұзылып су қарқынымен кеткелі тұрған жерінен бүкіл Жезқазған халқы құндіз түн демей жұмысқа жұмылып кірісті. Тоғанның бүгінгі деңгейіне дейін көтеріп қалыптастырыды. Сол тоған 60 жылдан асса да қызметін халық игілігін қалтықсыз атқарып келеді,

әлде да атқара бермек. Қаныш тоқтатқан тоған бүгінде Жезқазған тау-кен өндірісінің жүргегі, тіршілік көзі, көл айналасы қөгілдір бақ. Көлге суға түседі жағасында демалып, балық аулап, қайық тебеді, тынығып табиғатты тамашалайтын жерге айналды.

Бұл да Қаныш еңбегінің ірі көрінісі, одан қалған ескерткіш. Бүгінде Қарсақбай зауытын ұстап тұрған оның көлі, Қанекең ол тоғанға сіңірген еңбегі аз емес.

Сұрапыл жұмыстан геологта бос уақыт деген аз болатын, бірер сағат мүмкіншілік таба қалса Таисясын балаларымен соңына ертіп алыш Қарсақбай көлінен демалып, балық та аулап қайтатын.

Фылым Академиясының Президиумының отырысында Қанекең өзіне тән жігерімен Ұлытауда жер асты ауыз суларының мол қорлары бар екенін дәлелдеп шықты. Бүгінде екі қаланың ішін отырған ауыз сусы — Жанай, Ескіөлең, Айdos жер асты көздерін Қаныш ашқан.

Көптеген жылдар бойы соңына түсіп Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мақсатында Ертіс — Қарағанды су каналын салу қажеттігін де Қанекең шешті. Бұл мәселе 70 жылдардың орта кезінде өзінің шешімін тапты. Канал бойынша Сәтбаев геологиялық, құрылыш, гидрогеологиялық мәселелерін зерттеп іске асыруда көптеген еңбек сіңірді. Бірақ Қанекеңнен кейін канал деген жеріне жете алмай Қарағандыға ғана жетті. Бүгінде Ертіс Су каналы Сәтбаев атына ие болды.

ҰЛЫТАУ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ және ҚАНЫШ

Барлауға барып жүрген жол сапарларында мәдени ескерткіштерді де Қанекең еске ала жүрді. 1929 жылы осындай бір сәтті сапарында Ұлытаудың «Алтыншоқы» деген әйгілі шоқысында Ақсақ Темірге қойылған ескерткішті ашып, Ленинградтан ғалымдарды шақыртып, тас бетіндегі жазуды талдаپ, ақсақ Темірдің ескерткіш тасы екеніне көзін жеткізіп Эрмитажға жіберіп орналастыруға себепші болады.

Ұлытау маңайындағы Сырлы тамның сырын ашқан да Қаныш болатын, оның құрылымы материалдарын тексереді, схемасын қағаз бетіне түсіріп, бірер күн қызықтарап басына түнейді. Қанекең түсірген там жобасы бүгінде мұражайда Жезқазғанда сақталуда.

Барлау сапарларының бірінде Бұланты өзенінің бойында тастардың бетіне ойып салынған жазулардың бейнесін тауып жарияласа, Бала-Жезді, Сарысу, Тамды, Жетіқызы өзендерінің бойында әр дәуірдегі салынған адамдар бейнелері де табылып Қанекең тиісті жерге хабарлап жеткізеді.

Геологтың тікелей жұмысына қоса да Алаша, Жошы, Домбаул, Ерден, Дүзен, Сандыбай сияқты тарихи мазарларды да тексеріп зерттеп, ел иғлігіне айналдыруды. Бүгінде осы айтылған тарихи ескерткіштер Қазақстан халқының аңсап келіп көретін орнына айналды. Ел аралап жүріп жер тарихы, тарихи тұлғалары, олардың тұрган жерінің атаулары, әңгіменің қызықты жері болса, қойын дәптеріне түртіп жазып алатын. Қаныштың айтуынша Арғанаты тауында ерте кезде кен шығаратын орындар да аз болмаған екен. Осы жерде кездесетін мұсін тастарға қөніл бөле отырып: «Ұлытау мен Арғанаты тауының маңайындағы мұсін тастар батырлардың бейнесін

суреттесе, Жетіқызың бен Көзай өзендерінің бойында қызыл-келіншектің бейнелерін тауып анықтайды.

1935 жылы жергілікті қарттардың айтуымен Ұлытаудың төбелерінің біреуінен Ақсақ, Темірдің ескерткіші ретінде қалдырған белгі тасын тауып, Эрмитажға хабарлап, келген ғалымдар өздерімен бірге алдың кетеді. Сол жерден 30 шақырымдай жерде Ер Едігенің жерленген жеріндегі белгісін де табады.

ҚАНЫШ пен ҚАРСАҚБАЙ МЕДИЦИНАСЫ

Қаныш Имантайұлы жан-жақты дамыған дарынды ғалым, геолог, этнограф, тарихшы, мәдениеттанушы, медицинаның да жанашыры.

Замандастарының айтқанындағы қай маманмен сойлессе сол маманның тән ерекше тілімен сөйлейтін еді деп аңғарған. Шынында да солай болатын.

Осы аймақтың денсаулық саласының ардагері ретінде Қанекеңнің Қарсақбай медицинасына сіңірген еңбегінің өзі бір төбе. Қарсақбай қонақ үйінде кездесіп дидарласқанда ол Деевке:

— Қарсақбайда денсаулық саласы қалай дамыған, медицинасыз өндірісті дамыту — мүмкін емес қой; деп сауалын қояды. Қанышты қанағаттандырмаян жауапқа ол:

— Аурухананы бірінші кезекте қолға алаійық Иван Васильевич, онсыз жұмысымыз алға баспайды, — деп екеуі келісті. Екі дос сөзінде тұрды. 1926 жылдың, Қаныш Қарсақбайға келген жылдының аяғында 25 төсектік аурухана іске қосылады. Оńда бір ғана дәрігер болса, келесі жылы оның еаны үшкे жетеді, олардың арасында хирург та бар болатын, алғаш Қарсақбайда хирургиялық операциялар да жасала

бастайды. Кішігірім ауруханалар бір-бір дәрігерімен, Байқоңырда, Рудникте де іске қосылды. Ұлытауда демалыс үйін салдырып Қарсақбай жұмысшылары онда тынығатын болды. Қанекең Деев досына:

— Иван Васильевич сіз дәрігерсіз гой, жұмысыңыз бір басыңызға жетерлік екенін жақсы білемін, бірақ, аймақтың денсаулық саласына көз қырыңызды сала салыңыз, — деп өтінетін. 1927 жылы «Жаңа мектеп» деген журналда Қанекең Қарсақбай медицинасының жағдайын баяндайды. Мақаланың аты: «Аудандағы науқастар, олардың емі» мақалада:

«Бүгінде ауданда жұқпалы аурулар кемде кем ауданда емхана болмаған соң, науқастарды түрлі балгерлер, тәуіпптер емдейді. Олардың емі:

1. «Қояншық» науқасын үшкіріп, қағып жазады.
2. «Ешкі қотыр, теміреткеге» — сынап жағады.
3. Жөтел-құртқа (туберкулезге) алмас пен күшелә береді.
4. Тұмау-жөтелді терімен жазады.
5. Іш ауруларына опиын ішкізеді.
6. Ноғай-қотыр, құлапсаны лепсімен күйдіреді.
7. Көкжөтелге ешкінің емшегін сорғызылады.
8. Безгекке тірі жыланды тістетеді, не безгелек құстың етін жегізеді.

1926 жылы Қарсақбай зауытында емхана ашылды. Олар Байқоңырда, Жезқазганда да бар болатын, әрбіреуінде бір-бірден дәрігер жұмыс істеді. Олардың айтуынша аудан көлемінде жұқпалы аурулар, мерез, жөтел-құрт сирек кездеседі. Күйдіргі, көз аурулары трахома ырымға жоқ, (меніңше диагнозын қойып анықтау нашар болған сияқты — Θ.М.)

Ауданда ең көп тарағандар: қотыр, ешкі қотыр, таз, мерездің сыртқы түрлері. Індептерден сүзек, шешек аурулары. Бұкіл аймақта бір ақ бала дәрігері болды». Бұл қысқа мақалада Қанекең тек геолог қана емес, жан-жақты мамандықтардың бәрін бірдей игерген

дарын иесі. Сол кездегі медицина жағдайын дәрігерші талдаған.

Кейінгі жылдарда Қанекең өндіріс пен геологияға ғана қоңіл бөліп қоймай денсаулық саласына да зор қоңіл бөлді, аудандық ауруханаға Ресейден бірнеше дәрігер әкеліп орналастырды, жабдық, құрал саймандармен жабдықтаап, Қарсақбайда хирургиялық операциялар да жасала бастады. 1942 жылы Жездінің болашақ қалашығына 25 төсектік аурухана салдырып, оның бас дәрігері етіп өзінің шәкірті Богданчиктің әйелі Н. А. Иванованы тағайыннатқан да Қанекеңнің өзі болатын. Өлкенің беделді басылымдарының бірі «Мысты өңір» деген газетте менің «Қаныш және медицина» деген көлемді мақалам басылған болатын. Оның мазмұнын қайталап келтірмей-ақ, қояйын. Қанекең бүкіл Республика бойынша денсаулық саласын дамытуға жұмсаған еңбегі орасан зор. Тек 1961 жылы Ұлы ғалым Жезқазғанда өткен Ғылым Академиясының көшпелі сессиясында медицина секциясындағы мәселелер бойынша қалага перзентхана мен медициналық училище ашуға көмектесті. Сөйтіп, бір келгенде екі бірдей проблеманы денсаулық саласынан шешіп кетті. Сол жылдан бастап Жезқазған, жақын ауылшаруашылық аудандарда орта буын дәрігерлік мәселе түбекейлі біржола Қанекең арқасында шешілді. Бұл ұлы ғалымның ұлы жұмыстарының бір ғана көрінісі.

ҚАНЫШ МҰРАЖАЙЫ

Ғалымның он бес жылдық творчествосының өрлеңен өмірі Қарсақбайда өтті, осы жылдары арқада таң шолпанында жарқырады, балалары да Қарсақбайда туды. Қаныштың туғанына 70 жылдығы қарсаңында 1969 жылы Қарсақбай қазақ орта мектебінің мұғалімі Жұмабай Ахметов деген ақсақалдың ынталымен Сәтбаев түрған үйден мұражай ашып, сол жылдардағы өмірін баяндап еліне таныстырыды. Мұражайда Қанекеңнің киім-кешектері, пайдаланған заттары, өсіп өркендеу жолдары көрсетілген. Көрермендер тамашалап, өзіне қөптеген маңызды мағлұмат ала-алады.

Мұражайдың ашылуын академик Әлкей Марғұлан: «Қарсақбайда Қанышқа арнап мұражайдың ашылуы көрермендер үшін зор тарихи және мәдени маңызы бар, Қарсақбайға білім мен мәдениетті әкелген де өзі болатын» — деп бағалады. Бұгінде Мұражай директоры Вера Афанасьевна Машинская, оның жетекшілігімен музейде оқушыларға арнап үйірме сабактары етіп тұрады. Бұгінде Қазақмыс корпорациясы да қолұшын беріп ғалымның туғанына 100 жыл толуына байланысты мұражайға курделі жөндеу жүргізіп берді. Мұражай 7 бөлмеден тұрады, оның біріншісінде Қанекеңнің жеке заттары шоғырланған: шапан, костюм, чеподаны жолға алып жүретін, сия сауыты, Баянауылдан Қарсақбайға алып келген домбырасы, қымыз ішетін тостағаны т.б. өзі тірісінде пайдаланған заттары.

Баянауылдағы ағайын туыстарының фотосуреттері. Екінші бөлмеде 25 стендтен тұратын өмірдеректері. Енді бір бөлмеде ақ мрамордан жасалған бюсті тұр, келесі бөлмеде минералдар жинағы, оның бәрі Қанекең Ұлытау өңірінен тапқан, июнь 1975 ж. Қарсақбай зауытында қорытылған соңғы мыста

орналастырылған. Тағы бір бөлмеде Қарсақбай зауытының дамып өркендеу тарихы бейнеленген. Оның бәрімен таныса келе Қанекеңнің артынан қалған өлмес мұралар еріксіз есінде түседі.

ҚАНЫШ және ИСКУССТВО

Қанекең өнер дегендеге өзгеше жаң болатын. Жүрген жерінің бәрі ойын-сауық, ән Ауман, домбыраға тартқан күй. Қарсақбайдың алғашқы мысын қорытқан қарт металлург Мұзаттар Жұсіпов 1940 жылы үкімет наградасын әлуға Кремльге шақырылады. Мәскеудегі қабылдауда онымен бірге Қаныш та болады, астананы екеуі бірігіп тамашалайды. Өз естелігінде Мұзбекен:

— Еңбек озаттарын марапаттау салтанатын М.И.Калинин ашып, ең бірінші Қаныштың қеудесін Ленин орденімен жалтыратты. Қазақстан делегациясы атынан Қанекең сез сөйлем, рахметтін айтып алғысын білдіреді. Даны сөздерімен біздің шоқтығымызды биікке бір көтеріп тастады, — деп, еске түсіреді М.Жұсіпов. Кешке қарай Кремльде қонақтар құрметтіне қонақасы ұйымдастырылады, ішінде М.И.Калинин, И.В.Сталин болады. Үкімет басшылары сұрауымен Қанекең орыстың танылған тамаша әндерін нәшине келтіріп орындаиды. Мақпәл даусына тамаша әндеріне қатысқандар ризашылғық, білдіреді. Ұлы көсем де орындалған әнге қол сокқанын есіне алады қарт металлург.

Жолсызбен, мәшине үстінде, Арқаны аралап жүргенде жақсы көретін ермегі өлең айту болатын. Ол Баянауыл елінде орындалатын халық әндерін жақсы білетін, тамаша айтып орындаитын, оның біразы А.В.Затаевичтің «500 қазактың өлеңдері» деген

жинағына кіргізілген. Жақсы көріп орындастын әндері «Бұркітбай» болатын. Ең жақсы көретіні Ардақ, Башқұлбай, Ажар-Сырын, Құлажекей, Қоғалы қол т.б. Оларды Қаныш домбырага салып орындастын.

Қанекең өнер десе ішкен асын қоя тұратын. 1927 жылы Қызылордағы Республика театрының даму жолдарын, жетістігі мен кемістігін жазып, оларға жол сілтеп, пікір айтып, бағыт берген Қанекең болды. Қазақтың батырлары туралы эпостарды толғана, баптап, ыргағына келтіріп орындастын, шаршамайталмай батырлар жырын бір отырғанда айтып беретін. Жаңылмайтын.

Қаныштың үйдегі қымбат қадірлі дүниесінің бірі Баянауылдан алып келген қара домбырасы болатын, қолы бос бола қалса домбырасын алып ән салатын, күй тартатын. Қаныштың жан серігі болған қара домбыра Қарсақбайдың мұражайында сақтаулы түр.

Барлау жұмысымен кең даланы шарлап жүргенде бас тіреп тоқтаған кигіз үйінің ішін көзімен сүзіп, домбыра іздейтін. Егер ол бола қалса амандық, саулықтан соң домбыраны қолға алып, шегін келтіріп, күй шертетін, не ән салатын.

Қанекеңнің алғашқы туындыларының бірі өнер мен театр мәдениеті жөнінде. Бұл еңбегі 1927 жылы жарық, көрді. Ол, «Қазақстанның ұлт театры туралы» делінген. Басылымда қазақ театрының қол жеткен табысын талдап келіп, ондағы орын алған кемістіктерді жою жолдарын көрсетеді. Мәдениет мамандары Қанекеңнің бұл басылымына осы күнге дейін маңызды мән береді.

Көп сапарларының бірінде Қанекең өтінің Ұлытау маңайындағы Сырлытам мазарын көрсетуді өтінеді. Оны көріп тамашалап тұрған Қанекең:

— Арқадағы сәулет мұраларының мынау бір өте келіскең екен, мұны жақсылап зерттеу қажет екен,
— деп, там жанында арнап бірер күн айналып, оның жобасын қағаз бетіне түсіреді. Маңайдағы

тұрғындардан Сырлытам жөніндегі ақыздарды ел аузынан жинастырады. Қанекең қағаз бетіне түсірген Сырлытам жобасы бүгінде «Қазақмыс» корпорациясының мұражайында сол қалпында сақталуда.

Қанекең геологиямен қоса өнердің де жанашыры еді. Қарсақбайға келіп оның клубын салдырып, халық театрын да үйымдастырады. Соның Зейнеп деген әншісі біздің арамызда осы күнге дейін әсем даусымен әнін шырқап жүр. Қанекеңнің айтуынша оның әкесі Имантай да әнші, өз заманының серісі болған жан екен. Әкесі салған «Топайкек», «Көкем-ай», «Женеше», «Алтыбасар» Балхадиша, ыргақты әндері Қанышқа да дарып, репертуарына кіріпті, нақышына келтіріп орындауды екен. Домбыра мен қоса скрипка, гитара, мондалина да ойнайтынын көрдік. Қарсақбайда жүргенде көргеніміз оның ерекше мәнерлелер би билеуі-польканы, вальсты, мазурканы.

Жосалы сапарында келе жатып бір әңгімесінде 1915 жылы Қаныш Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов пен бірігіп «Біржан мен Сараның айтысын тұңғыш рет сахнаға шыгарған екен. Сонда жас Қаныш Біржан ролін сомдапты. Қобыланды батырдың ролін де ойнайды. Семей театрының жетекшісі Әміржан Хакімов: «Театрды дамытуға қазақтың оттай жайнаған жастары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жұмат Шаниндер» — үлес қосты деп жазған екен.

Қазақ әндерінің жинақтаушысы А.К.Затаевич «Қаныш Баянауыл әндерін өте жақсы өрнедайтын еді, оның шырқаған әндері халықтың ән творчествосының жанры, интонациялық байлығы әр түрлі формада, тау бұлағының таза сүйндай сыңғырлап тамаша естіледі» — деп жазған екен өз еңбектерінде.

Мүмкін осының салдары болар, академик өз ұсынысы бойынша 1961 жылы Қазақстанда әдебиет

пен өнер институтын ашып кетуі де ғұламағалымның сегіз қырлы бір сырлы перзенті, дарыны дара ұлы екенинің айғағы.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ

Мысты өнірдің елі Қаныш Имантайұлына төрден орын беріп, күннен күнге қасиеттеп жоғары көтеріп, өзіне сай ілтипат көрсетіп келеді. Оның өзіндік себебі де бар — өлке Қанекең еңбегімен дамыды. Ел осыны еске ала отырып, бұрынғы Никольский қаласы 1990 жылы Сәтбаев атына ие болды. Бұл сәнді де, сәулетті қала тек біздің облысымызды ғана емес, өзінің өндірістік потенциалымен, тамаша табыстарымен республикаға, тіпті дүниежүзіне де танымал бола бастады. Жезқазған — Сәтбаев деген ұғым біртұтас синоним. Жезқазғанды Қаныш әлемдегі алып кендердің қатарына жеткізсе, Жезқазған Сәтбаевты атақты алып ғалым, жарық, жұлдыз дәрежесіне көтеруге себепкер болды.

Одақтық Академияның бүкіл орта Азиядан бірінші рет толық мүшесі болған ғалым. Қаныш ұлт ғылыминың энциклопедиясы. Оның жүргегі өмірбойы «Менің Қазақстаным», «Менің Жезқазғаным» деп соққан патриот, оның ғылыми ескерткіштерінің өзі оннан асқан том, жүзден аса еңбегі қазақ тілінде жарияланды. Қарсақбайда жүріп жүзден аса ғылыми еңбегін жазып, басып шығарды. Жазғандарының бәрі бірдей қағаз бетіне түсіп, ғылыми тұжырымға айналды.

15 жыл бойы өзінің жастық шағын, өмірін бірақ бағытқа жұмсады да жеңіп шықты, алдына қойған мұратына жетті. Тыныш жатқан Жезқазған жерін жандандырды. Үздіксіз еңбек үстінде геолог та өсіп

өркендеді. Ағылшындардың тұра осындай мерзімінде тапқандарынан Қаныш геологиясы 60 есе артық Сарыарқадан кен көзін ашқан екен.

Қаныш қарсақбайлықтар арасында ерен еңбегімен аңызға айналды, әңгімелерге арқау, туындыларға тақырып, өлең жырларға жазылып жырланды. Сол кездегі өлкенің әйтілі ақындары Қаныш туралы көптеген ән жырлар, поэмалар жазды. Олар халық, ақындары Тайжан, Болман, Ибрагим, Әбілда, Нияз т.б. болатын. Кейбір өлең толғауларға нота да жазылып, өлеңдері осы күнге дейін ел аузында басылымдар бетінде сақталуда.

Қанышпен ақылы, күші, жаны араласқан Қарсақбай, Жезқазған, Ұлытау төңірегіндегі кен жұмысшылары, колхозшылар, малшылардың, қарапайым арқа тұрғындарының өзара ынтымағы неше күн айтса таусылмайтын аңыз, неше кітап жазса бітпейтін дастан болар еді.

Еліміздің мыс қоймасы — Жезқазған, Ұлытау кен ауданында, Қаныштың асқан ұйымдастыру қабылеті бірінші рет осында көрінді. Сарыарқа даласында кең майдан ашып, геологиялық игеру жұмыстарын іске асырды.

Көп жылғы еңбектерін қорытындылап, жаңа методикалық негіз құрып, Орталық Қазақстанның металл қабаты болжамдық, картасын жасады (металлогенія). Картаның негізі дала аралап жүргенде сызылып жазған.

Қанекең сол 15 жыл ішінде геологиядан басқа артынан аты өлмейтіндей талай іс қалдырды, соның бірі өзі ұйымдастырған: Ұлытау кеншары, Ұлытау көлі, Ұлытау басындағы демалыс үйі мен пионер лагері т.б.

Қарсақбайда өткен қырқыншы жылдарда Қанышқа ұсынылмаған жұмыс жоқ еді. Оны Алматыға, Мәскеуге министрлікке де шақырылды, Жезқазғанды жан тәнімен сүйген, «Ұлken Жезқазған» деп жүргегі соққан, асыл арманына жету үшін ешқандай

ұсынысты қабылдамады. Тек ойлаған ойын іске асырғаннан кейін, алдына қойған Жезқазған проблемаларын шешіп болғасын ғана 15 жылдан кейін 1941 ж. Республика Фылым Академиясының филиалын басқаруға, Республиканың геология институтының директорлық қызметіне ауысуға келісімін берді, онда да ол Қарсақбайын қимады. Бұл 1941 жылдың маусым айының 22 жулдызы болатын. Болашақтың ұлы ғалымын, Мемлекеттік ірі қоғам қайраткерін, өздерінің басшыларын шығарып салу рәсімі Жезді өзенінің бойында етті. Оған Ұлытау өңірінің барлығы бірдей геологтары қатысты. Қаныштың қимастықтан көзінен жас алған кезі де сол жолда болатын. «Сендер мәңгі есімде боласыңдар. Жезқазған әр уақытта назарымда» — деді. Шынында да солай болды.

Бұл шығарып салу кешінің қуанышы ұзаққа бармады. Қарсақбайға оралып үйінің есік алдына келіп тоқтағанда Таися Алексеевнаның анасы:

— Қанышжан, бұғін соғыс басталды, — деген сұық, хабарды жеткізді. Күні бойғы көтерінкі көnlі су сепкендей болды. Осы ауыр күндерде ғұлама ғалым көші астанаға бет бұрды.

Қорытып айтқанда ғасырға бағаланған 15 жыл Қаныштың қанатын қатайтып деген асыл арманына жеткізді. Жезқазған кен орнын Дүниежүзіндегі ең ірі кен орнына айналдырыды, оны таныта білді. Жезқазған арқылы өзі де бүкіл Дүниежүзіне танылды. Осы өлкенің сүйініші мен күйінішіне ортақ бола білді, қарапайым Қарсақбай Қанышы. Отанына Үлкен Жезқазғанды тарту етті. Астанадағы Фылым Академиясын басқара отырып, Жезқазған әр уақытта оның есінде болды, қамқоршысы бола алды, өле өлгенше жүргегі Жезқазғаным деп соқты.

Қарсақбай комбинатында геологияны басқара жүріп, Республиканың сан алуан қоғамдық жұмыстарына араласып жүрді. 1931 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия пайдалы қазба байлықтарының кен орындарын тексеру жөніндегі

оңтүстік түсті металдары комиссиясының мүшесі болды, 25 жыл бойы Қазақстанды зерттеудің Республикалық қоғамының төрағасы. Қарсақбайда жүріп Алматы тау-кен институтының Мемлекеттік комиссиясының төрағасы.

Дарыны дара ғалым өзінің ғылымға деген таланты мен мүмкіншілігін сол Қарсақбайда жұмыс істеп жүрген аса қыын жылдардың өзінде көрсете білді. Оған дәлел, 1934 ж. қарапайым геолог болып еңбек етіп жүрген кезінде КСРО Ғылым Академиясы қазақ филиалының ғылыми Кеңесінің мүшесі болып келгені. Ғылыми фундаменті Қарсақбайда қаланған ғалым өзінің қысқа өмірінде 1500 кандидаттың, 700 докторлық диссертацияларға жетекші болған екен.

Жезқазғандағы жерлестері геолог-ғалымды еске сақтау мақсатында қөптеген шараларды іске асыруда. Жезді қалашығындағы кіре берісіндегі ең үлкен де көрнекті қөшпені Сәтбаев атымен атаған. Соғыстың ауыр жылдарында марганец майданға керек болып, 38 күнде өндірісті іске қостырған Қанекең еді. Осыдан 25 жыл бұрын Қарақұмда ұйымдастық қойлы кеншар да Сәтбаев атында. Жезқазған тау-кен комбинатына да Қанекең аты берілді. Комбинатты алғаш алпып, дамытып қамқорлық жасаған да өзі болатын. Жезқазған қаласындағы №7 қазақ лицейі де ғалым атымен аталады, онда да Сәтбаев атындағы мұражай орналасқан. Мыс астанасының ең көрнекті, кең де сәулетті, жарық та жарқын қөшесі Сәтбаев атына ие болды, орталық алаң да оның атында. Осы жерде ғалымның туғанына 100 жыл толуына байланысты Сәтбаев ескерткіші орнатылған, бұл жер қала тұрғындарының демалатын орны. Жаз ғайларында фонтан оған сән береді. 1990 жылдан Никольский қаласына Сәтбаев аты берілді. Акимат алдында ғалымға ескерткіш орнатылып, бұрынғы Жеңіс атындағы көше Сәтбаев атымен аталады. Қаланың солтүстігіндегі бұрынғы Жыланды, Северный деп аталатын поселок та Қанекең атымен аталып келеді.

Ер есімі ел есінде. Қаныш қазақ, халқының біртуар перзенті, Жезқазған, Ұлытау тұргындары үшін есімі өте ерекше, қастерлі де құрметті.

Қаныш жөніндегі деректер бүгінде жezқазғандықтар арасында аяқталмайтын шексіз дастан болып айтылып келеді.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

1931 жылы Орталық Қазақстан мен Орта Азияның пайдалы қазба байлықтарының кен орындарын тексеру жөніндегі оңтүстік түсті металдар мүшесі.

Балқаш мыс metallurgия зауыты құрылсының орнын таңдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі.

1934 жылдан ССРО Фылым Академиясы қазақ филиалы ғылыми қеңесінің төрағасы.

1935 ж. Қазақтың тау-кен институтының Мемлекеттік комиссиясының (ГЭК) төрағасы.

1939 жылдан — Қазақстанды зерттеудің Республикалық қоғамының төрағасы.

1940 ж. Ұлытау ауданының жер қойнауы байлықтарын ашудағы еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталады.

1941 ж. ССРО Фылым Академиясы қазақ филиалы президиумы председателінің орынбасары.

1941 жылдан Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы ғылыми техникалық қеңестің төрағасының орынбасары және оның ауыр өнеркәсіп жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы.

1941 жылдан Қазақ ССР Фылым Академиясы геология институтының директоры.

Қ. СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ мен ҚЫЗМЕТИНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1. 1899 ж. 12 сәуір Баянауыл ауданында Ақкелін деген мекенінде дүниеге келген.
2. 1909-1911 ж.ж. Семей-губерниясы Павлодар уезі №4 ауылдағы орыс-қырғыз мектебінде оқиды.
3. 1918 ж. Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді.
4. 1918-1919 ж.ж. Семейдегі қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педагогикалық курсардың жаратылыс пәннің оқытушысы.
5. 1919-1920 ж.ж. Ақкелін болысындағы №4 ауылдағы мектептің мұғалімі.
6. 1920-21 ж.ж. Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы №10 участкениң Халық соты.
7. 1921-1926 ж.ж. Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің студенті.
8. 1926 жыл — тау-кен инженері дипломын алғып Қарсақбайға жолдама алады.
9. 1926-29 ж.ж. Бүкілодактың Халық шаруашылығы кеңесі (КСНХ) жанындағы «Атбасарцветмет» тресінің геология бөлімінің жетекшісі.
10. 1929-1941 ж.ж. ССРО ауыр өнеркәсіп Халық комиссариатының түсті металдар басқармасының Қарсақбай комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы және бас геологы.

ҚАНЫШ ҚАҚЫНДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР

Қанекен Баянауылда туып, Қарсақбай топырағынан нәр алып Қазақстан Қанышы деген асыл атқа ие болды, оны Ресей ғалымдары Қазақтың Ломоносовы деген атақтың өзі жетіп жатқан сияқты.

Соңғы кезде қаламының қарышымен танымал болып жүрген жерлесіміз Өмірбек Мұқановтың Қаныш Сәтбаев туралы ғасырға бағаланған — 15 жыл деген кітабы да аяқталды. Соның соңғы сөзі ретінде дүниежүзіне танымал Қаныш Имантайұлы жөнінде айтылған қағидаларды көлтіруді жөн көрдік.

Акад. В. А. Обручев: «Қаныш таң шолпандай жарқырап шығып, сөнбес нұр шашуы барша ғалымға үлкен нұр құйды».

Акад. В. Келдыш: Қ. Сәтбаев бүкіл еліміздің барлық ғалымдарының үйымдастырып дамытуында үлкен роль атқарды.

Мұхтар Әуезов: Қаныш ел мақтанышы, халық қамқоры, өнегелі ұстаз, тамаша үйымдастырушы, тамаша талант иесі, үлкен мемлекет қайраткері, елдің ең үлгілі, ең асыл азаматтарының бірі.

Акад. В. А. Обручев: Қаныш қажымас қайраткер, теңі жоқ ізденімпаз, талантты ғылым үйымдастырушысы, Қазақстанда бүкіл Менделеев таблиғасын тапқан ол елдің зор мақтанышы, ол Сібір геологтарының белді өкілі.

Акад. Д. И. Щербаков: Сәтбаев толық ғылыми көзқарасы бар, нағыз дұрыс жол таба білген, қойған мақсатына әр уақытта жете алған, өмір үшін құресе

білетін, Қазақстанның қатал табиғатын **бойына** жинаған жан.

Акад. Н. В. Мельников: Қаныш өте дарынды адам. Оның бойында практикалық, геолог-теоретиктік, мемлекет және қоғам қайраткерінің талантты үштасқан. Оған қоса ғылымның барлық бірдей саласын толық игерген, ол қатыссаған бірде бір сала жоқ. Ол ғылыми қызметкерлердің үйітқысы. Парасатты, ұлкен зейінді, ізетті жан.

Акад. Әлкей Марғұлан: Қаныш Қазақстан өлкесінде ғылымның негізгі ошағын жасаған атасы. Егер геологияның соңына түспей, бірыңғай әдебиет саласымен кетсе, Қаныш аса талантты жазушының бірі болар еді. Оған Қаныштың бүгінгі жазғандары дәлел бола алады. Қаныш сегіз қырлы, бір сырлы. Қаныш тек қана халық, үшін жаралған, халықтың шын сүйген адад ұлы. Ол Қазақстан ғылымының атасы.

Акад. Д. В. Наливкин: Қаныш кең өрісті, жан-жақты адам. Ол ғылымның нағыз басшысы. Қазақстан үшін барлық қажетті жұмыстарды өзі атқарды.

Профессор М. П. Русаков: Қаныш қажымас қайрат иесі, өте қарапайым, лауазымына, жасына, ұлтына қарамастан адамдарға деген қарым-қатынасы ерекше. Ол өз іскерлігін Ұлы Отан соғысы жылдары көрсетті.

Акад. В. А. Амбарцумян: Қаныш Имантайұлының қызметі, мамандығы, лауазымы және қоғамдағы орны ерекше оқшау тұратын адам. Кімге де болса ұлғі алуға лайықты бейне. Дарынды **ғалым**, өте ірі геолог. Сөйлеген сөздері ерекше, ғылыми зерттеулері өте терең.

Акад. А. Жұбанов: Қаныш өмір қамқоры, пейілі кең, қырағы, ғылымның нары, үлкен әдебиетші.

Сәбит Мұқанов: Қаныш Сәтбаев жан-жақты, ақыл-парасатты, байсалды, қамқорлы жан, заманының кеменәгері. Дара шыққан дарын, жан-жақты ғалым. Қазақстанның бар байлығы Қаныштың басында.

Қажым Жұмалиев: Қаныш аға қазақ, халқының барлық бірдей жақсы қасиетін бойына жинаған, кең пейілділік, жомарттық, ақ жарқын жылы жүзділік, сабыр салмақтылық, енбексүйгіштік.

Акад. В. Г. Фесенков: Қаныш Имантайұлы ғылымның көрнекті үйымдастырушысы. Оның жүріп өткен жолы мен өнегелі өмірі — ұрпаққа зор тәрбиелік мәні бар.

Акад. С. Байшев: Қаныш ғылым көкжиегінің таң шолпаны, нұры сөнбес елінің мақтанышы. Ол аса жоғарғы адамгершіліктің алтындағы таза айнасы бола алды. Теніздей терең ғұлама ғалым, ақыл-ойдың жұлдызы.

Ә. Бектурров: Қаныш Имантайұлы — жарқын да сүйкімді бейне. Еш уақытта ел жадынан кетпейді, жүргегімізде мәңгі сақталады.

Әбділда Тәжібаев: Ардақты аға өз өнерінің ұлы ақыны еді. Оның жазған эпосы — алып Жезқазған, ашқан сиқырлы дүниелері Қаныш атымен бірге жарқырай бермек.

Акад. Р. А. Борукаев: Ол Кеңес ғылымының ірі қайраткерінің бірі, отандық металлогенияның негізін қалаушы, Қаныш шет елдерде де даңқа бөленген ғалым.

Акад. Е. Букетов: К. Сәтбаев Қазақстанның барлық бірдей академиктерін дайындаған, қанат қақтырған академик.

В. И. Штифанов: Қаныш Имантайұлы Жезқазғаннның ірге тасын қалаушы, ол қаланың қамқоршысы.

Акад. Ш. Шокин: Академик К. И. Сәтбаев қалдырған фылыми мұра мен даңқты дәстүрді қастерлеп сақтау — оның нұрлы бейнесіне деген құрмет-ізет.

Акад. Ф. Н. Чухров: К. Сәтбаев — халықтар достығының жаршысы, Қазақ халқының үздік перзенті.

Акад. М. К. Ахунбаев: Қаныш Имантайұлы бақытты халықтың — бақытты ұлы.

Академик А. Абдуллин: Қаныш өмірде де қарапайым, адам сыйлағыш, бауырмал, кең пейілді, алғыр ақыл ойлы, ал жұмыста қатал басшы болатын.

Акад. В. Веселовский: Сәтбаев ғалым мен фылымдардың жарқырайтын таң шолпаны. Ол Қазақтың Ломоносовы.

Мәлік Ғабдуллин: Қаныш өзінің барлық ынта-жігерін, білімін Отанымызды көркейтуде жұмсады. Ол әр уақытта қазақ, халқының мақтанышы болып қала бермек!

Акад. А. Машанов: Қанекең жер картасымен бірге аспандарғы жұлдыздарды да жақсы біletін.

Акад. Н. В. Павлов: Қаныштың қасиеттері — алғырлық, аңғарғыштық. Қолына алған істі тыңдырмай


қоймайтын. Ол натуралист, археолог, тарихшы, филолог, публицист.

Академик Мұхамеджан Қаратаев: Сәтбаев — ғалым, көпқырлы дарын иесісі, өмірді ондай сүйген жан жоқ шығар. Қоғамдық белсененділігі ғаламат жан. Ауқымы кен, адымды адам. Бүкіл қазак оны «біздің Қаныш» — деп мереіленеді.

Қоғам қайраткері Н. Ондасынов: Қанекең жан-жақты ғалым. Өте алғыр жан. Оны пащ еткен Үлкен Жезқазған. Ол халқының тірегі, қамқоры, қорғаны. Оның ғылым арқылы халқына сіңірген еңбегі үшан теңіз. Ел дарыны бола білді.

Профессор П. Тәжібаева: Қаныш аға қазақтың ардақты ұлы. Ел есінде мәңгі сақталмақ. Оның мейірімділігі мен қарымдастырында шек жоқ,


ФОТОШЕЖИРЕ




Қ. И. Сәтбаев, Томскіден институт
бітірген жылы



Қаныш Имантайұлы
Сөтбаев



Біз Қанышқа
барамыз.
Қарсақбай
даласы, 1931 ж.



Бұрғылау
станогінің
сыртынан
тігілген күркө.
1927 жыл.




1959 жыл
шахтада.
К. Сәтбаев пен
М. Бөпежанов.



Қанышты Қарсақбайдан шығарып салғанда. Домбыра
үстап отырған Болман ақын. 1941 жыл.



Қаныш геологтар арасында. 1937 жыл.



Қарсақбай ФЗО-сының мастерской, 1934 жыл.



Акад. М. А. Усов



К. И. Сәтбаев. Қарсақбай
1934 жыл.




Атбасар тресінің құрамы. 1926 жыл.




Геологтар көшіп барады



К. И. Сөтбаев.
Қарсақбайда 1935 жыл



Геологтар қоныс аударып барады.
1929 ж.



Марганец руднігінде. 1942 жыл.



Геологтар, 1930 жыл.
Қ. Сәтбаев, В. Штифанов, Стригин



Алған кенді қарап түр. 1934 жыл.



Ұлытаудағы барлау жұмысында. 1929 жы

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
АВТОРДАН	5
Қанекеңнен бата алғанда	7
Автобиография	12
Характеристика	15
Алғысөз ретінде	17
Жосалыдан Қарсақбайға дейін	19
Жосалы жол сапарындағы сұхбат	23
Фасырға бағаланған — 15 жыл	27
Сәтбаев пен И. В. Деев	37
Комбинат геологы	42
Кадр мәселесі қалай шешілді	58
Қаныштың Қарсақбайдың қонысы	62
Қаныштың Қарсақбайда жазғандары	67
Қарапайым қамқоршы Қаныш	72
Жезқазганның су көзі	77
Ұлытау өнірінің тарихи	
ескерткіштері және Қаныш	79
Қаныш пен Қарсақбай медицинасы	80
Қаныш мұражайы	83
Қаныш және искусство	84
Ел есіндегі есім	87
Қаныш Сәтбаевтың қоғамдық жұмыстары	91
Қ. Сәтбаевтың өмірі мен	
қызыметінің негізгі кезеңдері	92
Қаныш қақындағы қағидалар	93

Әмірбек МҮҚАНҰЛЫ
ФАСЫРҒА
БАҒАЛАНҒАН — 15 ЖЫЛ

Терүте 20.07.2005 берілді, басура 27.10.2005 көз, қорынады.
Офсеттік басылым. Гарнитурасы «Baltica Kazakh».
Тапсырыс 1786. Таралымы 200.

**Жезқазған “Полиграфия Ер Мұра” ЖШС-нің
баспаханасында басылған**

Жезқазған қаласы, Шевченко көшесі, 36